

→ 6

БАЛАНЫ ТАЯҚТАУ ОҢАЙ,
ТӘРБИЕЛЕУ ҚИЫН

→ 8

ҚАСИЕТІ МОЛ
ҚҰРБАН АЙТ

16 МАУСЫМ –

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

→ 4-5

№48 (1858)
15 маусым
2024 жыл,
сенбі

JAMBYL TARAZ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

ІССАПАР

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ ЖАМБЫЛДАҒЫ БІРҚАТАР
НЫСАННЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қазақстан Премьер-Министрі Олжас Бектенов Жамбыл облысына жұмыс сапары аясында Тасөткел су қоймасын реконструкциялау барысымен және ауыл шаруашылығында қолданылып жатқан су үнемдеу технологиясымен танысты.

Үкімет басшысы аймақ үшін маңызды зор су қоймасын қарап шығып, аталған нысанда жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарының жай-күйін тексерді. Тасөткел су қоймасы Шу және Мойынқұм аудандарының барлық көлемі шамамен 35 мың гектардай суармалы жерін сумен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ осы жерден Тасөткел ГЭС қажеттілігі үшін су беру, Шу өзенінің төменгі ағысындағы Жамбыл облысының Мойынқұм, Сарысу аудандарына және Түркістан облысының Созақ ауданына экологиялық су жіберу жүзеге асырылады.

Бүгінгі күні су нысанында бөгеттің сейсмикалық тұрақтылығын арттыра отырып, реконструкциялау жөніндегі жобаның екінші кезеңі іске асырылуда. Жер қазу жұмыстары, ұнғымаларды тазарту, өлшеу датчиктерін (пьезометрлерді) орнату 100 пайызға орындалды. Апатты суқашыртқы жүйесі салынды, төтенше жағдай кезінде құлақтандыру және бейнебақылау жүйелері орнатылды, өткізу пункті жетілдірілді. Нысан биыл тамыз айында пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

Премьер-Министр су инфрақұрылымы мәселесі Үкіметтің ерекше бақылауында екенін атап өтті. «Еліміздегі барлық бөгет пен су қоймалары 1950-1970 жылдары салынған. Мемлекет басшысы Үкіметке 134 елді мекенде су басу қаупін азайту үшін 20 жаңа су қоймасын салуды және жұмыс істеп тұрған 15-ін реконструкциялауды тапсырды.



→ 2

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

ӨҢІР МЕДИЦИНАСЫНЫҢ
МҮМКІНДІГІ МОЛ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында ұлт саулығы жақсы болса ғана қоғам орнықты дамидыны баса айтқан еді.



– Медициналық инфрақұрылымды кешенді түрде жақсартуға баса назар аудару керек. Мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігін тиімді пайдаланған жөн. Медицина – инвестиция салуға қолайлы сала. Тек оған дұрыс жағдай жасау қажет, – деген Президент нақты тапсырмалар жүктеген болатын.

Еліміз егемендік алған сәттен бастап отандық медицинаны дамытуға айрықша назар аударылып келеді. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде, шалғай елді мекендердің тұрғындары да сапалы медициналық көмекке қол жеткізуде. Бұл бағытта Жамбыл облысында қолға алынған ілкімді істер жетерлік.

Бүгінде облыстағы денсаулық сақтау ұйымдарында барлығы 15 168 медицина қызметкері жұмыс істеуде. Оның ішінде 3 350 дәрігер, 11 818 орта медицина қызметкері еңбек етіп жүр. Сонымен қатар мемлекеттік ұйымдарда 12 781 медицина маманы болса, оның 2572-сі дәрігер, 10 209-ы орта медицина қызметкері. Ал статистика басқармасының соңғы деректеріне сүйенсек, облыстың 1 222 811 тұрғынына 392 денсаулық сақтау нысаны медициналық қызмет көрсетіп отыр.

→ 4

ТҮРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

ҚҰРБАН АЙТТА МАЛ СОЮ
ОРЫНДАРЫ БЕКІТІЛДІ

16-18 маусым аралығында мұсылмандар Құрбан айт мерекесін тойлайды. Құрбан айтта құрбандық шалынатыны белгілі. Осыған орай, Таразда мейрам кезінде мал сойылатын орындар бекітілді. Санитарлық талаптарға сай келетін алаңдар келесі мекенжайлар бойынша орналастырылған:

1. Тараз қаласы, Исатай көшесі, 1 (қалалық аурухана жанында);
2. Тараз қаласы, Волков көшесі, 25 (Толчок);
3. Сыпатай батыр көшесі, 19, ЖК «Берікбаев».

Тараз қаласы әкімдігі

БАҒА МЕН ШАМА

Ертең бүкіл мұсылман халықтарының ең басты мерекесі Құрбан айттың алғашқы күні. Үш күнге жалғасатын ұлық мейрам жыл сайын хижра - мұсылман күнтізбесі бойынша Зұлхижжа айының оныншы жұлдызында (Арафа күнінен кейін) және Ораза айт мейрамынан 70 күн өткеннен кейін басталады.

ҰЛЫҚ МЕРЕКЕДЕ ШАЛЫНАТЫН
МАЛДЫҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

Ислам дінінде қастерлі екі мереке болса, соның бірегейі және ұлығы – Құрбан айт. Бұл мерекенің негізі сонау пайғамбарлар атасы саналатын Ибраһим пайғамбардың әулетінен бастау алады. Тарих пен тағылымды ұштастырған қасиетті мерекенің құндылығы да тереңде жатыр. Құрбан айтты қазақ халқы да ерекше атап өткен. Құрбан айтта ренжіскен туысқандар болса, бір-бірінен кешірім сұрап, татуласатын болған. Жамбыл облысы әкімдігінің Дін проблемаларын зерттеу орталығының инспекторы Ерзат Жақыповтың айтуынша, Құрбан айт мейрамы – мейірімділік пен кешірімділікке, қайырымдылық пен жақсылыққа үндейтін мейрам.

– Әрбір діннің қасиетті мейрамдары болады. Қазақстан – көпконфессиялы мемлекет. Елімізде 18 конфессия тіркелген. Халқымыздың көпшілігі Ислам дінін ұстанады. «Құрбан» сөзі араб тілінде «жақындау» дегенді білдіреді, яғни жасаған сауап істер арқылы жүректі тазартып, Аллаға жақындай түсу. Құрбан айтта құрбандыққа мал шалу – Ханафи мазһабына шамасы жеткендерге ғана уәжіп, яғни міндет. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Рабыңның разылығы үшін намаз оқы және құрбандық шал» («Кәусар» сүресі, 2-аят), – деп бұйырған. Құрбандық шалудың хикметі байлардың кедейлерге, кедейлердің байларға деген мейірімін оятатын құндылық

жатыр. Қазіргі кезде бұрынғыдай үй-үйге айтпап бару деген азайып барады. Бұның себебі – үй-үйге айтпап бару деген дәстүрімізді дұрыс насихатталмауда. Үлкен ақсақалдар бір үйді қалдырмай айтпап, құран оқып, жақсы тілек тілеп, дұға жасап шығатын. Қазақ халқы «Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ел көгерер» деген мақалды жанында ұстаған соң, айт күні үш күн дастарқан жайылып тұратын, – дейді дінтанушы.

Сонымен қатар Тараз қалалық орталық «Әулие ата» мешітінің бас имамы Ержан Аманбаев Қасиетті Құрбан айтта Алла Тағаланың бұйрығын дұрыс орындап, құрбандығымыз қабыл болуы үшін оған қатысты мәселелерді білуіміз қажет екенін ескертеді.

– Құрбандық шалатын адам ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына толған, мұсылман болу, Құрбан айт уақытында жолашушы болмау, негізгі қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болу керек. Нисап мөлшері – 85 грамм алтын яки құнына тең келетін ақша. Трам ғибадаты сияқты құрбанның уәжіп болуы үшін нисап мөлшеріне жеткен малға бір жыл толуы шарт емес. Құрбан шалған уақытта міндетті түрде ниет ету керек. Өйткені мал құлшылық мақсатында сойылады. Ал нисап мөлшерінде артық қаражаты болмаса да, кедей мұсылман кісінің құрбан шалуына болады.

→ 8

Туған күніңмен, Тараз!

ЖАЗЫЛЫМ-2024

	6 АЙ	12 АЙ
қала тұрғындары үшін	2784,72	5569,44
ауыл тұрғындары үшін	2999,64	5999,28
«Қыран Пресс»	2700	5400
«Тараз Пресс»	2700	5400
«Жамбыл Пресс»	2700	5400

Жазылым индексі: 65605

Жазылым бөлімі: 45-62-65, 8 747 545 4566

KASPI.KZ арқылы жазылуға болады

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ ЖАМБЫЛДАҒЫ БІРҚАТАР НЫСАННЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



«Тасөткел су қоймасындағы құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын екенін көріп отырмыз. Бірақ бөгеттің сейсмикалық тұрақтылығын арттыра отырып реконструкциялаудан кейін апатты суқашыртық жұмысын сынақтан өткізу қажеттілігіне баса назар аударуға шақырамын», – деп атап өткен Олжас Бектенов Жамбыл облысының әкімі Әсет Исиевпен бірге, су ресурстары және ирригация министрлігімен бірлесіп, сынақ жұмысын жүргізу мәселесін пысықтауды және нысандағы су деңгейін жобалық көлемге жеткізуді тапсырды.


Сонымен қатар Үкімет басшысы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзінің нұсқасын көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін ел экономикасындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесін арттыру жөніндегі тапсырмаларының орындалуын тексерді. Премьер-Министр өңірдің жүйе құраушы кәсіпорындарының, атап айтқанда, химия, желі өнеркәсіп, тау-кен саласы компанияларының қызметімен танысты. Сондай-ақ аумағында жана ірі өндірістердің құрылысы жүргізіліп жатқан «Jibek Joly» арнайы экономикалық аймағына барды.

– Қазіргі сәтте Жамбыл облысының өнеркәсібінде 44 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған, өңірде 859 кәсіпорын жұмыс істеп тұр, – деп баяндады Үкімет басшысына әкімнің орынбасары Әбілхайыр Тамабек.

Бұл ретте облыста химия саласын дамыту бойынша ауқымды шаралар қабылдануда. «Jibek Joly» арнайы экономикалық аймағының құрылуы бүгінгі таңда өңірдің бар әлеуетін тиімдірек іске асыруға мүмкіндік береді. Дәл қазіргі уақытта АЭА жүктемесі 86,7%-ға тең, 16 қатысушы компания тіркелген, оның 4-і жұмыс істеп тұрған кәсіпорын, 3-і құрылыс және орналастыру сатысында, қалғаны мемлекеттік сараптамадан өтуде немесе жобалау жүргізіліп жатыр. Мәселен, арнайы экономикалық аймақ аумағында кытайдың «TAS Market» және өзбектің «Universal Trade LLP» компаниялары өндірістерін локализациялауды жоспарлап отыр. ҚХР жобасы бастапқы кезеңде құны 12,9 млрд теңге болатын шойын, болат және феррокорытпа өндіретін зауыт салуды, Өзбекстан тарапы жалпы инвестиция көлемі \$120 млн болатын кара металды балқыту және жұқа табакты мырышталған болат

өндіретін кәсіпорын салуды көздейді. Алайда бұл жобалар АЭА қызметінің басым түрлеріне жатпайды және тиісті жеңілдіктерді пайдалана алмайды. Премьер-Министр өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне, сондай-ақ Ұлттық экономика министрлігіне барлық өңдеуші өнеркәсіпті қамти отырып, басым қызмет түрлерінің тізбесін кеңейту мәселесін жедел пысықтауды жүктеді.

Бүгінде Жамбыл облысының локомотиві – химия саласы, оның үлесі 37 пайызды құрайды. Өңірдегі қала құраушы кәсіпорындардың бірі – «Қазфосфат» минералды тыңайтқыштар шығаратын зауыты, онда 1,8 мыңға жуық адам еңбек етеді. Жылдық қуаты 1 млн тонна тыңайтқышқа жетеді. Қазіргі уақытта табиғи газды пайдалануды шектеу себебінен өндіріс көлемінің төмендеуі байқалады. Кәсіпорынның толық қуатында тиімді жұмыс істеуі үшін 81 176 мың м³ қажет. Олжас Бектенов ауыл шаруашылығы саласын



тыңайтқыштармен қамтамасыз ететін кәсіпорынның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету басты міндет екенін атап өтті. Үкімет басшысы Жамбыл облысының әкімі Әсет Исиевпен бірге, су ресурстары және ирригация министрлігіне және ауыл шаруашылығына мәселені шешу үшін Тараз қаласының 2-ші газ тарту стансасын жаңғырту жөнінде ұсыныстар енгізуді тапсырды. Сонымен қатар фосфорлы гипс қалдықтарын орналастыру және ластануды болдырмау үшін ауданы 51,3 га жана үйінді құрылысын тезірек аяқтау міндеті қойылды.

Келесі кезекте Олжас Абайұлы Шу ауданының Шатырқол-Жайсаң кластеріндегі жана байыту фабрикасына барды. Бүгінгі таңда құрылыс-монтаж жұмыстары 95%-ға аяқталған. Зауыттың өндірістік қуаты жылына 1,2 млн тонна кенді құрайды. Іске қосу тамыз айына жоспарланған,

бұл ретте кәсіпорын алдағы қазан айында өзінің есептік көрсеткішіне шықпақ. Премьер-Министр Олжас Бектенов өңір өнеркәсібіндегі үлесі 10%-ды құрайтын металлургия саласының келешегін атап өтіп, Үкімет осындай жобаларға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін айтты. «Үкіметтің алдына қойылған міндеттің бірі – тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету. Быыл сынтетеуіңдерді ескере отырып, біз барлық салаға мультипликативті әсер ететін өнеркәсіптік өндірісті күшейтілген режимде дамытуымыз қажет. Жобаларды іске қосу және толық қуатта жұмыс істеу кезінде біз экономиканың дербестігін арттырамыз және жоғары білікті жұмыс орындарын тыңайтқышқа жетеді. Еліміздің барлық өңірінде оң өзгерістер бар: оларды қолдап, кеңейте беру қажет», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау шараларына, оның ішінде кәсіпорындардың толық жүктемесін



қамтамасыз етуге назар аударылуда. Еліміздегі аяқ киім шығаратын негізгі зауыттардың бірі Жамбыл облысында орналасқан.

Үкімет басшысы Ақбұлым ауылының «Шарипов» шаруа қожалығының егістігінде су үнемдеу технологиясын енгізу жұмысымен де танысты. Шаруашылықтың егіс алқабының жалпы ауданы 330 гектарды құраса, оның ішінде қант қызылшасына 80 гектар бөлінген. Сонымен қатар пияз, картоп, жүгері және дәнді дақылдар өсіріледі. Жалпы жобалық қуаты – жылына 10 мың тонна өнім.

Ауыл шаруашылығы құрылымының аумағында тереңдігі 300 метрге дейінгі 11 ұңғыма орналасқан. 6 жанбұрылқыш қондырғы жеткізіліп, орнатылды, соның нәтижесінде тамшылап суару қазір 160 га аумақта

жүзеге асырылуда.

Жалпы ауыл шаруашылығында су үнемдеу технологиясын енгізу және инфрақұрылымды жүргізу үшін Үкімет 80%-ға дейін инвестициялық субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау шарасын көрсетуде. Сондай-ақ су берушілерге тікелей субсидиялар бөлу арқылы фермерлерге су беру қызметінің құны арзандатылады. Бұдан басқа, жылдық сыйақы мөлшерлемесін 2,5 пайызбен, 5 миллиард теңгеге дейін 10 жылға дейінгі мерзімге су үнемдеу технологиясын енгізетін жобаларға несие беру көзделген.

Үкімет басшысы су үнемдеу технологиясын енгізудің және егіншілікте суармалы алқаптарды ұлғайтудың маңыздылығын атап өтті. Басымдық беріліп отырған ауыл шаруашылығы дақылдарының бірі – қант қызылшасы, оның егіс алқабы өңірде 10,6 мың га дейін ұлғайды. Биыл орташа өнімділігі гектарына 60 мың тонна болатын 600 мың тоннадан астам өнім өндіріледі деп күтілуде. Жұмыс-терім бойынша болжамдарды ескере отырып, Олжас Бектенов Жамбыл облысында қант қызылшасын өндірудің өндірістік қуатын арттыру қажеттілігіне назар аударды.

Бұдан басқа, Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Жамбыл облысының әкімі Әсет Исиевпен бірге, су ресурстары және ирригация министрлігімен бірлесіп, сынақ жұмысын жүргізу мәселесін пысықтауды және нысандағы су деңгейін жобалық көлемге жеткізуді тапсырды.

Жамбыл облысына жұмыс сапары барысында Олжас Бектенов Шайқорық ауылындағы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы аясында салынған дәрігерлік амбулаторияға барып, облыс орталығына жақын маңда орналасқан Айша бибі ауылындағы «SuperPharm» медициналық бұйымдар өндіретін зауытының қызметімен танысты. Үкімет басшысына өңірде 26 денсаулық сақтау нысанының құрылысы жүргізіліп жатқаны баяндалды. Оның 20-сы Ұлттық жоба шеңберінде салынып жатыр, оның ішінде дәрігерлік амбулаториялар, медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункттер бар. Облыстағы медициналық мекемелердің тозуы 40,3%-дан 36,5%-ға дейін төмендейтін болады. Сонымен қатар 4,5 млрд теңге 125 бірлік медициналық құрал-жабдық мен 30 санитарлық автокөлік сатып алуға бағытталды. Шайқорық ауылында халық саны шамамен 6 мыңға жетті. Медициналық қызмет осыған дейін ескі ғимаратта көрсетіліп келген, ал диагностика мен талдау жасау үшін жергілікті тұрғындар 25 шақырым қашықта орналасқан аудан орталығына баруға мәжбүр болды, бұл өзіндік қолайсыздықтар тудыратын.

Үкімет басшысы әкімдікке Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, Ұлттық жоспар шеңберінде жыл аяғына дейін өңірдегі барлық медицина нысандарының құрылысын уақытлы әрі сапалы аяқтауды қамтамасыз етуді, сондай-ақ Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, дәрігерлер мен медицина қызметкерлерін тарту тетіктерін күшейтуді міндеттеді.

primeminister.kz

Маусымның үшінші жексенбісінде Қазақстанда алғаш рет Әкелер күні аталып өтеді.

ӨМІРІ – ӨНЕГЕ, ЕҢБЕГІ – ҮЛГІ

Қазақ «Әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген бір ауыз сөзге бүкіл тәрбиенің бастауын сыйғыза білген. Өнеің орны қашанда бөлек. Қызым қылықты болсын деп қырық үйден тытың да, ұлды ұлы мақсаттарға жетелеп, жол көрсететін де – әке. Жүз мектеп бере алмайтын тәрбиені бойға сіңдіріп, таудан биік талапты болуды үйрететін асқар таудың жөні дара екені даусыз.

Қай кезеңде де өзгелерге үлгі бола білген еңбек адамының ерен еңбегі мен әрбір жетістігі елеусіз қалмайтыны ақиқат. Себебі әр үздік нәтиже мен күрмеуі қиын жұмыстың астарында сол бір жанның табан ақы, маңдай тері жатыр. Әр адамның өмірде өз жолы бар. Соған қарай тұлғасы қалыптасып, бейнесі бекемделе түседі. Адамды өсіретін де, өшіретін де – оның істеген ісі. Адал еңбекпен табысқа жеткен жанның әрқаз мерейі үстем, ессесі биік болмақ.

Осындай ӘКЕ деген қасиетті сөздің де істің де қадірін кетірмеген, тіпті тоқсанға аяқ басса да айтар сөзінен, жүрер жолынан жанылған әкелеріміз ортамызда баршылық.

Бар саналы өмірін ауыл шаруашылығы саласына арнап, аймағымызда құрметтілер көшінде жүрген Жанайдар атамның есімі мен өнегелі өмір жолы аға бұрын өкілдеріне жақын таныс.

Сарысу ауданының Құрметті азаматы, ардагер Жанайдар Сұлтанбеков 15 маусым күні торқалы тоқсан жасқа толып отыр.

Өмірден көргені мен көңілге түйгені көп қазыналы карт деп осы Жанайдар қария туралы айта керек көңілің. Тоқсанға екінің бірі келе бермейді. «Алла Тағала сүйген құлына ұзақ жас береді», – дейді хадисте. Осы орайда сүйегі асыл ардагердің өткен өмір жолына тоқталатын болсақ, оның ғұнбатыры өмір кешіп келе жатқанын аңғарамыз.

Ол 1934 жылы 15 ақпанда Коммунар колхозында (қазіргі Ігілік ауылы) дүниеге келді. Коммунар 7 жылдық мектебін 1948 жылы бітіріп, 1951-1952 жылдары Тараз қаласындағы ауыл шаруашылық мектебінде агроном мамандығы бойынша білімін жетілдірген. Оқуды аяқтаған соң Коммунар колхозында агроном болып жұмыс атқарды. 1956 жылдан бастап Коммунар совхозында шофер болып 1966 жылға дейін жұмыс жасады. 1967 жылдан бастап совхозда гараж менгерушісі, МТМ менгерушісі, машина трактор ауыл шаруашылық менгерушісі болды.


Еткен еңбек елеусіз қалмасы анық. Осы орайда тоқсанның төріне шығып отырған атамыз Жеңістің әр жылдардағы мерекелі медальдарынан бастап, облыс, аудан өкілдерінің және ардагерлер ұйымының Алғыс, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Көп жылғы қызметінің жемісін терген мәуелі бәйтеректей ауыл-аймақ, бала-шағасының ортасында бақуатты тіршілік кешіп жатыр. Жүрген жерінде сыйлы, құрметті, беделді. Төккен тер, шеккен бейнетінің нәтижесін қорғанына шүкіршілік етіп, іштей тәубе айтып отырады.

Зейнетке шыққаннан кейін қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, біраз жылдар бойы Ігілік ауылдық ардагерлер кеңесін басқарды.

Ел құрметінен аяқармай, сый-абайға бөленіп, бала-шағаларының алдында, замандастарының ортасында қадірлі, мінезге бай асыл азамат ретінде көпке танылды.

Ақиқатында, бәзбіреулер сәлем берген



қолыңды саусағының ұшымен, еріндері ерсіп жабырлап кинала алса, Жанайдар қария артық сөзге келмей, тек қана сабырлы, әділетті сөздерімен еліне тек қана шын көңілімен жақсылық тілеп отырады.

«Көңіл көңілден су ішеді» деп халық осындай айтқан болар! Иә, асыл адам айнымас. Барлық қарттарымыз ел алдында сый-құрметке бөленіп, алғыс арқап жүргені де рас. Аталы, мәнді сөз айтудың орнына бүйректен сирақ шығарып, ел арасына жік, ру мен аталар ортасына іріткі салып, елді бөліп-жарып, қысық-қызыр сөз таратып, дау-жанжал, айтыс-тартыстың «ұйытқысы» болып, беделін кетіріп, қадірін қашыратын кейбір қариялар қатарынан табылмайтын Жанайдардай қарияны көргенде, шіркін, осындай әдемі картап бізге де бұйырғас екен деп қаласың.

«Жарты жолда атын, жарым жолда қатының өлмесін» деген сөз бар қазақта. Жарты жолдан асып, тоқсанға таянған шағында Жанайдар қарияның жан жары Әсия апамыз осыдан екі жыл бұрын дүниеден өтті. Адамгершілігі мол, өзі қонақжай жанның жарқын бейнесін көз көрген үлкен-кіші ұмытпақ емес. Тату-тәтті өмір сүрген, жұптары есте жазылмаған бәйтеректей мәусені жайған қарттардан өрбіген ұрпақтары бүгінде шаңырақтарын шаттыққа толтырып, ұл-қыз өсіріп, отыздан аса немере-шөбере сүйіп отыр. Осы ретте абыз қариядан ұзақ жасаудың сыры неде екенін айтпай беруді сұрағанымызда, ол: «Жас жайына келсек, мен ешқандай алдыма ұзақ жасайын деп мақсат қойған адам емеспін. «Тоқсан көрем деген жасым ба елі, быламық ішем деген асым ба елі?» деп қазақ атам айтқандай, менің жасымға келген де, келмеген де адам бар. Бұл әрине Алланың маған берген сыйы деп білем. Адам адал өмір сүрсе, әрине, ол әрдайым Алланың қамқорлығында жүреді. Менің оған жемізім жетті. Әділдік пен тазалық осы адалдықтан шығады.

Әкелеріміздің қатарлары жастарына жетпей ақсақалдықтың жолына түсті. Қазірде осы мәселе мені ойландырады. Жасы жетістінен асқандар арасында үлкендіктің жолын ұстанудың орнына тақси болып, жастармен бірге шарап ішіп жүргендерді кездестіремін. Біле білгенге, тоқсан – өте үлкен жас. Десе де, мен тоқсанға келсем де, ұрпақтарымың алдында жөн сілтеп жүргеніме Құдайға шүкіршілік деймін. Қас-қабағыма қарап, жағдайымды жасап отырған ұл-қыздарыма Алланың нұры жаусын деп, барлық ұрпағыма тек қана жақсылық тілеймін», – деді қария.

Жанайдар қарияның елге сіңірген еңбегі өлшеусіз. Бала жасынан ауыл шаруашылығы саласын өміріне серік етіп келе жатқан карт діқанның өскелең ұрпаққа бергені де, берері де әлі көп. Оның өнегелі өмір жолы бәрімізге үлгі.

Дариха УМБЕТИРОВА,
ҚР Журналистер одағының мүшесі

ЗДОРОВЬЕ

СКОРАЯ ПОМОЩЬ ИМЕЕТ ВАЖНОЕ ЗНАЧЕНИЕ

Скорая медицинская помощь является формой предоставления медицинской помощи при возникновении заболеваний и состояний, требующих экстренной медицинской помощи.

В последнее время во всех странах мира отмечается увеличение количества сердечно-сосудистых заболеваний, инфекционных заболеваний, несчастных случаев, массовых катастроф и чрезвычайных ситуаций. В связи с этим служба скорой помощи в системе здравоохранения остается крайне важной и социально значимой, и занимает особое положение. В любых чрезвычайных ситуациях первыми выезжают бригады скорой медицинской помощи и оказывают медицинскую помощь в сложных условиях.

Поэтому наша служба требует от человека огромной самоотдачи, доброжелательности к людям и, конечно же, высокого профессионализма.

Жамбылская областная станция скорой медицинской помощи (далее ЖОССМП) обслуживает население Жамбылской области с численностью до 1 171 748 человек. В своей структуре ЖОССМП имеет: 1 станцию, 3 городских подстанции, 11 районных отделений СМП, отделение медицинской авиации с услугами телемедицины. Службу



скорой медицинской помощи несут 1037 медицинских работников, каждую смену выезжают 93 бригады скорой медицинской помощи (40 - в городе и 53 - в районе).

Вызова скорой медицинской помощи по области принимают специально обученные 13 диспетчеров Call-центра. Call-центр имеет связь со всеми стационарами, ПМСП города и района, а также со всеми оперативными службами области.

Для оттачивания практических навыков на ЖОССМП организован симуляционный центр, где ежедневно проводятся обучение специалистов тренерами

и инструкторами по международным стандартам оказания скорой медицинской помощи. Наша бригада скорой помощи является неоднократным призером на республиканских соревнованиях бригад скорой медицинской помощи.

Отдельно хочется остановиться на службе медицинской авиации, специалисты которой в любое время суток выезжают в отдаленные районы для спасения крайне тяжелых пациентов. Медицинская авиация снабжена воздушным и наземным транспортом. Организованы 3 мобильных бригады (акушерско-

гинекологическая, детская-неонатальная и общая врачебная). С республиканскими научно-исследовательскими институтами и центрами неотложной экстренной медицинской помощи организована телемедицина для проведения консультаций с высококвалифицированными специалистами республики. Тем самым бригады медицинской авиации оказывают квалифицированную помощь.

Кульзахира КЫЗГАРАЕВА,
заместитель главного врача по
медицинской части

МӘДЕНИЕТ – ҰЛТ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ ТҰҒЫРЫ

Қазақ халқы – салт-дәстүрге бай ел. Өз ұрпағын көнеден келе жатқан асыл құндылықтардың мұрагері ретінде өзге ешбір жұртқа ұқсамайтын білек бітім-қолмысын қапыластыруға негіз болған салт-дәстүрімізді дамытумен қатар, жаңа мұраларымызды қазіргі заман талабына сай бейімдеп жаңғырту біздің басты мақсатымыз болуы шарт.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында: «Халық өмірінің айнасы – оның болмысы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Сол себепті азаматтарымыздың рухы әрқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, яғни руханиятымызға баса мән бергеніміз жөн. Қазіргі таңда зиялы қауымның қоғамдағы рөлі аса маңызды. Мәдениет қайраткерлері халыққа әуелі өз туындыларымен таныма болып, қоғамға, әсіресе жастарға жол көрсетіп, үлгі-өнеге болуы қажет. Жұртымыз зиялы қауымнан сабырлықты, парасаттылықты күтуде», – деген болатын.

Әлбетте, қай кезеңді алсақ та, қоғамның дамуы оның экономикалық және саяси институттар жұмысының белсенділігімен байланысты емес екені белгілі. Бүгінде жаһанданумен бетпе-бет келген қоғамның руханияты, әлеуметтік-мәдени өміріндегі өзгерістер айрықша назар аударуды қажет ететіні бәрімізге мәлім. Президент өз Жолдауында мәдениетті дамыту мәселелерін де тілге тиек етіп: «Қоғамды топтастыру, ұлттық бірегейлікті нығайту мәселелерінде елдің тарихи мұрасы мен мәдени әлеуетін тиімді пайдалануға үлкен рөл беріледі. Бұл тұрғыда Қазақстанның мүмкіндіктері кең, оның ішінде халықаралық аренада тиімді жайғастыру мүмкіндіктері де бар», – деді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы бұл мәселедегі біздің саясатымыз қайта қарауды талап ететінін де баса айтты.

– Қазір мемлекет көбінесе бюджетті қуана-қуана алатын белгілі бір қайраткерлердің жобаларын ғана қаржыландыратын болып жүр. Жаңа жанрлық форматтарды игеріп, үнемі тәжірибе үстінде жүретін, солай бола тұра менсінаттардың есебінен өмір сүретін жас және талантты мүсіншілер, суретшілер, театрлар, музыканттар, жазушылар төменде қалып қойып жатыр, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Шыны керек, қазір жастарымыз бөгде мәдениетке бой ұрып барады. Мәселен, өскелең ұрпақтың көпшілігі орыс немесе шетел әндерін тыңдайды. Бұған, әрине, галамторғағы, теледидар мен радиоғағы жат тілдегі қаптаған контент кері әсерін тигізіп отыр. Сарапшылар мәдениетаралық диалог пен рухани құндылықтарды қалыптастыру мәселесіндегі ғылыми рефлексия өткеннің семантикалық шығу тегіне бастап қана қоймай, сонымен бірге қазіргі және болашақ туралы ойлануға мәжбүрлейтін алға тартады. Халық рухани құндылықтарға және өткеннің рухани мұрасына, сондай-ақ әлем және адамзаттың қазіргі дүниетанымдық көзқарасына бойламай, өзін-өзі шынайы тани алмасы анық.

Адам, қоғам және мәдениет – бұл үшеуі бір-бірінен ажырағысыз, тұтас дүние. Мәдениеттің қоғамдық құбылыс ретіндегі мәні оның ешқашан жеке адамның қолымен емес, тек қоғамның күшімен жасалатынын көрініс береді. Өйткені кез келген адамның жетістігі оның өзінің жеке табысы бола алмайды. Барлық жағдайда мәдениет пен қоғамның дамуында сәйкестік болып, олар бір-біріне тура ықпал етіп отырады. Мәдени даму – қоғам дамуының мәнді бір саясы. Егер қоғамды тұтас бір дене десек, мәдениет оның бір жанды ағзасы болып шығар еді. Қоғам дамуындағы саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер мәдениеттің дамуына да тікелей әсер етіп отырады.

Бізді осы қоғамда ұлт ретінде көрсететін үлкен мәдениетіміздің бірі – тіл. Президент «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында тіл мәселесін де назардан тыс қалдырмады. Расында, тілдің жайы – ұлттың жайы. Ал мемлекеттік тіл дамуы үшін кез келген орта қазақшалануы керек. Президент те тіл мәселесін мейшаммен қарама-салмайтын жеткізді. Осы арада тілді дамытуға арналған нақты шаралар да, қоғамдық ұйымдардың белсенділігі де артуы қажет.

– «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді қазақ. Сол үшін осы мәселеде күш біріктіргеніміз абзал. Өйткені тілдің мүшкіл жайы – бәрімізге ортақ түйткіл. Тіл – ұлттың өзегі. Онда халқымыздың бүкіл бітім-болмысы көрініс тапқан. Бай әрі шұрайлы тіліміз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, еліміздің бері жасап келеді. Шын мәнінде, тіл жанды ағза іспетті, ұдайы жанарып

отырады. Заман талабына сай жаңа сөздер қосылады. Кейбірі көнеріп, сирек қолданыла бастайды. Бұл – заңды құбылыс. Біз үшін ең бастысы – қастерлі тіліміздің ғасырлар бойы қалыптасып, уақыт сынынан сүрінбей өткен табиғатын бұзбай, одан әрі дамыта түсу. Сауатты жазып, дұрыс сөйлей білетін халықтың тілі ғұмырлы болады. Сондай-ақ кез келген салада емін-еркін қолданылады. Тәуелсіздік жылдарында ана тіліміздің өрісі кеңейіп түсті. Білім мен ғылымның, интернет пен бизнестің тіліне айналды, – деп Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, қазақ тілінің мемлекеттік



тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді.

Ол үшін жас ұрпаққа тәрбие бере отырып, біздің көздегеніміз жастарға ана тілі құрыса – ұлттың құртынын түсіндіру. Ал егер ұлт құрыса, онда ұлттық мәдениет те, ұлттық дәстүр де, ұлттық сана-сезім де түгелдей құрып, дүниеге тегі, дәстүрі белгісіз бір қасиетсіз дүбәра халық келетінін жеткізу. Сол арқылы қазақ ұлтының дәстүрін, мақсат-мүддесін, бүкіл болмысын қалыптастырып, нәр беріп, қоректендіретін, кемеліне келтіретін ұлттық тіл ғана екенін ұрпаққа жеткізу! Мемлекеттік тіл арқылы қазақстандық патриотизмді жүрегімізге ұялата аламыз. Сондықтан ұлттың сана-сезімімен ана тілін білу де, тарихқа зер салудан төл мәдениетті игеру туындайды. Тілін білмейтін адам өзінің де, ел-жұрт, халқының да қадір-қасиетін бағалай, байыптай алмайды. Ұлттық тәрбие бере отырып, біз осы сияқты отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруға әсер ететін факторларды – ұлттық мақтаншылты, ұлттық сезімді, ұлттық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, дінді, ділді насихаттап, үйретеміз. Осы істі шешуде мынадай мәселелерді қолға алу керек. Қазақ тілді балабақшалардың санын көбейтіп, техника дәуірінің дәуірлеп тұрған кезінде теледидар бағдарламаларының қазақ тілінде көптеп таралуына ықпал ету. Қазақ мектептерінің санын көбейтіп, ғылым, білім тілінің қазақша молаюына жағдай жасау керек. Көшпелердің, елі мекендердің аттарын, хабарландыру, жол белгілерін, жарнамаларды қазақшалап өзгертудеміз, ішінара қателер де аздап кездесіп жатады. Бірақ «Көш жүре түзеледі» демекші, оны түзеудеміз. Іс қағаздары қазақ тілінде жүргізілуі, нәтиже беріп жатқандары да бар. Көпшілік қызмет орындарында қызмет көрсетуде, оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізуде ана тілінің қолданылуына ықпал ете отырып, орыс мектептерінде қазақ тілі сағаттарын көбейту. Қазақстан – көпұлтты мемлекет, сондықтан өз тілінің мүддесін қорғау өзге тілдің мүддесін ұмыту емес екенін ескертіп, оларға да түсіндіріп, қазақ тілін білуді оларға да міндеттеу керек. Тіл білуді қалыптастыра отырып, ұлттық тәрбиеге жол ашамыз. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаз жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек.

Еліміздің мәдениетін әлем алдында асқақтататын тағы бір сала – спорт саласы. Бір қуанатынымыз, еліміздің спорт салалары әлемдік жарыстардан абыроймен ораладу. Алдағы үлкен аламанда жас спортшылардан да күтетін үміт көп. Бұл туралы Президент құнды құжатта жас буын арасында бұқаралық спортты насихаттау керектігін тілге

тиек ете отырып: «Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық спортты дамыту пирамидаға айналуы тиіс. Оның басына чемпиондар шықса, оның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз», – деді. Осыған орай аталған бағытты заңнамалық тұрғыда нақтылап, бұқаралық спортты дамытуда кешенді бағдарлама қабылдау керектігін тапсырды. Алдағы уақытта бұл тапсырма бойынша нақты шаралар қабылданбақ.

Сондай-ақ Қазақстанның бай тарихын, өзгеше мәдениетін көрсететін саланың бірі – туризм. Қазір кенжелеп тұрған бұл саладағы түйткілдерді түйінін тарқатуға бағытталған тапсырмаларды Мемлекет басшысы шегелеп берді. Оның: «Туризмді дамытуға айрықша мән беріледі. Әсіресе экологиялық және этнотуризмге экономиканың маңызды бағыты ретінде көңіл бөлінуі тиіс», –

тәрбие арқылы берілетін адами құнды қасиеттеріміз. Егер қанатымыздың біреуі майырылып, сынған болса, көкке самғай алмай, құлдилап, басқаларға жем болуымыз мүмкін. Тек білім алып қана қойып, ұлттық құндылықтарымызды бойымызға таратпасақ, аталарымыз арқылы ғасырдан ғасырға жалғасып, мұра болып келе жатқан ата-бабаларымыздан қалған тілімізді, дінімізді, ділімізді, мәдениетімізді, тарихи шежірелерімізді ұмытсақ, осынау жаһандану аузын арандай ашып отырған тұста жұтылып кетеріміз анық. Сондықтан да алдыңғы қатарлы елдерден білім жағынан үлгі ала отырып, ұлттық ерекшеліктерімізді ұмытпаған жөн. Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелерін, маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың насихаттарын өзіміздің

кііп жүрсе, керемет болар еді. Тек мерекеле емес, ұдайы киіп жүрсе де, жарасымды болатыны сөзсіз. Жалпы ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы, оның болмысы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Осыған орай, ағымдағы жылдан бастап 18 наурыз – Ұлттық киім күні болып бекітілді. Ұлттық киімге арналған бұл күн ата-бабаларымызды, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптарды еске алатын ерекше кезеңге айналады. Бұл – халық рухының шағылысын бейнелейтін ұлттық дизайнның көркемдігі мен қайталанбас өрнегіне тамсанып, бұл өнердегі бай мұраны зерттеп, одан шабыт алатын күн. Қазіргі заманғы ұлттық киім ұлттық мінез пен ұлт бірлігін айшықтай отырып, ел мәдениеті мен тарихының ажырамас бөлігіне айналды.

Сонымен бірге өткен жыл Түркістан төрінде өткен «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбындағы Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек. Бүгінгі интернет дәуірінде бұл оңай шаруа емес. Ашығын айтсақ, қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытқа бұрып, жол көрсетіп отырмасақ, бұл – өте қауіпті үрдіс. Ғаламтор арқылы жат діни ағымдардың құрығына түскен жастар да бар. Ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл – ең алдымен, үлкендердің кінәсі...», – деген болатын.

Әрине, қазіргі заман бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы. «Ұлтыңды сақтаймын десең – қызынды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десең – ұлтыңды тәрбиеле», – деген екен Платон. Бұрынғы ата-бабаларымыз бұл замандағылардан білімі, мәдениеті төмен болған дейміз. Десек те, ұрпақ тәрбиесіне келгенде оларды қорғеп, тәжірибелі десек қателеспейміз. Еліміздің ертеңі саналатын ұл-қыздарын салт-дәстүрлермен суындатып, туған елін, жерін адал сүюді және көзінің қарашығындай сақтап, қорғауды әрбір азаматтың аяулы борышы деп түсіндірген.

Жоғарыдағы мәселені іске асыруымен бірге ел іргесінің мықты болуы ондағы шағын мемлекет әр отбасының беріктігімен сипатталады. Бүгінде қоғамның өзгеруі мен дамуы барысында жаңадағы құндылықтар туралы мұдде жаңа түсініктер қалыптасуда. Мұндай қате ұғымдар бірқатар отбасының мансапқа деген тәуелділігін тым арттырып, атадан балаға мирас болып келе жатқан бай қазыналарымыздың бой тасалауына әкеліп жатқаны да рас. Ұлтымыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту өте маңызды. Бұл екінші міндет! Және өте өміршен! «Дамыған мемлекеттің бәрі толық зерттелген төл шежіресін дәріптеуге айрықша мән береді», – дей келіп Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстан тарихының жаңа ғылыми ұстанымдарға сай әзірленген көптомдық жинағы әлі күнге дейін жарыққа шыққан жоқ. Өкінішке қарай, стратегиялық маңызы бар осы мәселе тәуелсіздік жылдарында толық шешімін таппады», – деген қыжылысын да алға тартты.

Сонымен қатар құнды құжатта жедел атқарылуға тиісті жұмыстарды да нақтылы атап көрсетті. Президентіміз алдағы уақытта жарық көруге тиісті жинақтың бірінші бөлімін біріктірілуінен бастап, «көптомдықтың тілі жеңіл, мәтіні кез келген жастағы оқырманға түсінікті болуы керек» деп мұның аса маңызды мәселе екендігін тіпті де орынды айтып отыр.

Жалпы ұлт мәдениеті – тамыры тереңде жатқан, ұрпақтар сабақтастығының қайнар бұлағына айналған ұлттың рухани болмысы. Өнер – халықтың жаны. Мәдениет – қоғамның қозғаушы күші, мемлекет дамуының басым бағыттарының бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың: «Мәдениет саласына қамқорлық – болашаққа инвестиция. Төл мәдениетті, ұлттық өнерді сақтау және дамыту үшін жағдай жасау мемлекеттің маңызды міндеттерінің біріне айналуы тиіс», – деуі жоғарыдағы өзіндік айғақтай түседі. Президенттің бұл Жолдауы алдағы атқарылатын істерде басшылық алынатын негізгі құжатқа айналмақ. Бұл өз кезегінде тәуелсіздігіміздің тұрақтылығын сақтауға және еліміздің өркендеуіне жол ашатыны сөзсіз.

Анжел ТОТАНБАЕВА,
М.Х.Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті
«Конвергентті журналистика»
білім беру бағдарламасының
3-курс студенті

Ұлт саулығы жолында талмағандар.

ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ.

Өңір медицинасының
мүмкіндігі молЖанар ОСПАНОВА,
Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының басшысы

Ерекше атап өтерлігі, ауылдың шалғай елді мекендерінде орналасқан халықты қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз ету мақсатында 10 жылжымалы медициналық кешеннің көмегімен ағымдағы жылы 289 елді мекендегі 131 753 адамды медициналық тексерумен қамту жоспарланған болатын. Нәтижесінде, 1-тоқсанның өзінде 31 712 адам дәрігерлерге қаралып үлгерді. Сонымен қатар 7 878 диагностикалық зерттеу, 1 376 зертханалық тексеру, 32 583 бейінді маманның консультациясы көрсетілді. Тұрғындарды қарау барысында 928 науқас анықталып, оның ішінде 134 МСАК ұйымына есепке алынды. Оның 15-і бала екенін айта кеткен жөн.

Жамбылда «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы аясында да атқарылып жатқан айшықты жұмыстар аз емес. Айталық, аталған жоба аясында 20 медициналық-санитарлық нысанның құрылысы жоспарлануда. Бүгінгі күнде бюджеттен 3 нысанға 682,3 миллион теңге бөлініп отыр. Сондай-ақ Қордай ауданының 1 517,1 миллион теңге сомасына өткен жылдан өтпелі 2 нысаны аяқталуға тиіс. Сонымен қатар 2025 жылға арналған өтпелі жоба ретінде 1 105,0 миллион теңгеге Меркі ауданының орталық аудандық ауруханасы ғимаратының бір бөлігін (литер А) қабылдау бөлімшесінің қосымша құрылысымен қайта жаңарту бастау алады. Бұған қоса орта мерзімді перспективада Байзақ, Қордай, Жуалы аудандарында 3 ірі аудандық аурухананың құрылысын салу, сондай-ақ Меркі, Шу және Талас аудандарында 3 аудандарлық көпсалалы ауруханаларды қайта жаңғырту көзделуде.

Осы ретте, 2024 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен медициналық құрал-жабдықтармен жарақтандыру көрсеткіші 91,88 пайызды құрап отырғанын айта кетейік. Жыл соңына дейін бұл жежені меморандум бойынша 100 пайызға жеткізу жоспарлануда.

2024 жылдың 1-тоқсанында тындырылған тірлік тек мұнымен шектелмейді. Мәселен, ҚР ДСМ «Инновациялық технологияларды енгізу туралы 18.04.2023 ж. №288 бұйрығының негізінде Үздік тәжірибе орталықтары құрылып, бүгінде Меркі, Жамбыл, Талас, Қордай аудандық орталық ауруханаларында

және №2 мен 5 қалалық емханасында жұмыс істеуде. Сондай-ақ Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы, «ҚР Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бірлестігі», «Primary Health Care» Ұлттық қауымдастығы Қырғыз Республикасының отбасылық медицина орталығымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Сонымен қоса, денсаулық саласының Ақылмандар кеңесінің құрамы бекітіліп, төрайымы болып денсаулық сақтау ісінің үздігі, алтын дәрігер, еңбек ардагері Абылғазина Жумақұлы Даулетовнаның кандидатурасы қолдау тапты. Медициналық ұйымдарда «Қоғамдық мониторинг және халықпен кері байланыс тетігі» жобасы (МИОМОС) енгізіліп

С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінде жоғары білімі бар кадрларды даярлау үшін «Жалпы медицина» мамандығы бойынша 42 студент оқиды. Мысалы, жергілікті бюджет есебінен жоғары оқу орнынан кейінгі білім алып (резидентура), оқу бітіргеннен кейін Жамбыл облысының мемлекеттік медициналық ұйымдарында 5 (бес) жыл жұмыс істеу міндеттемесімен 35 дәрігер өңірге жұмысқа келді. Одан бөлек, 56 дәрігер резидентурада оқиды. Өңірге жұмысқа келген және келетін мамандарды тұрақтандыру мақсатында әлеуметтік қолдау көрсету үшін «Жамбыл облысының ауылдық жерге және кенттерге, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларға жұмысқа



халықпен тығыз жұмыс орнатылды. Бұған қоса, Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының «Ахуалдық орталық» ашылды, сонымен қатар барлық медициналық ұйымдарда науқастарды қолдау қызметі жұмыс істейді. Тағы бір айта кетерлігі, облыстық денсаулық сақтау басқармасының бұйрығына сәйкес, үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері және халық белсенділерін тарта отырып бастапқы медико-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың көпшілігінде 30-ға жуық Халық кеңесі құрылды.

Байлауын тапқан тірліктің нәтижесінде, облысымызда 1 000 тұрғынға шаққанда туу көрсеткіші – 19,92, өлім-жітім 6,07-ні құрады. Сонымен қатар туберкулезбен аурушандық көрсеткіші – 20,5, туберкулезбен болатын өлім-жітім көрсеткіші 100 пайызға төмендеді. Есепті мерзімде нәресте өлімі 7,0-ді құрағанымен, бірде-бірі ана өлімі тіркелген жоқ.

Облысымызда медицина мамандарының тапшылығы да шешіліп келеді. Осы мақсатта жергілікті бюджеттен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау үшін гранттар бөлінеді. Айталық, жергілікті атқарушы органның грантымен

жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы» Жамбыл облысының мәслихатының шешім жобасы бекітілді.

Бұл атқарылған жұмыстардың бір парасы ғана. Алдағы жоспарымыз жұмыр, мақсатымыз айқын. Өрине, салаға серпін беретін әрбір жетістікке жамбылдық медицина қызметкерлерінің қосқан үлесі өлшеусіз.

Баршаға белгілі, елімізде маусым айының үшінші жексенбісі – медицина қызметкерлерінің төл мерекесі. Осы орайда, барша жамбылдық ақ халатты абзал жанды кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. «Медицина кәсібі – адамгершіліктің асылы» дейді ұлы ойшылдар. Сондықтан Сіздерге өңір тұрғындарының денсаулығын жақсарту жолындағы қажырлы еңбектеріңіз бен игілікті істеріңіз, өз кәсіптеріңізге деген адалдықтыңыз үшін зор алғысымды білдіремін. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Босағаларыңыздан бақыт, шаңырақтарыңыздан шаттық үзілмесін. Жамбыл медицинасының мәртебесі биіктей берсін!

ЖАНЫНДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Ауылдағы ағайын әлі күнге ол кісіні «Біздің дәрігер» деп атайды. Әлі күнге дейін басы ауырып, балтыры сыздай қалса, кеңесін сұрап, көмегіне жүгініп жүргені. Медицинада терең біліммен бірге ұзақ жылғы тәжірибенің де рөлі зор екенін осындайда байқайсың.

АУЫЛДЫҢ КІНДІК ШЕШЕСІ

Келіскүл Мейманханова – Көкдене ауылында сол кездерде туғандардың барлығының дерлік кіндік шешесі. Кезінде Құмарық, Жақсылық, Көкдене елді мекендеріне жауапты жалғыз акушер-фельдшер әрі ауылдық медпунктің меңгерушісі болып жұмыс істеп жүргенде таудағы, құмдағы малды ауылдарды аралап, медициналық көмек көрсеткен. Сондықтан тек бір ғана емес, қасындағы басқа да осы ауылдарда босанған әйелдерді аман-есен тудырып, нәрестелерінің кіндігін кескен акушер-дәрігер. Жасаған ем-домы шипа болған жанның жақсылығын тұрғындардың әлі күнге дейін ұмытпай жүргені де содан. Шопандардың әйелдерін аудан орталығына жеткізіп, үлгермес кезінде үйде босандырып, қаншама сәбидің кіндігін кескен акушердің осылайша талайға шарапаты тиген.



Келіскүл Мейманханова – өзі де көпбалалы ана. Жеті баланы өмірге әкеліп, ғұмыр берген алтауын өсіріп-жеткізіп, солардан немере-шөбере сүйіп отыр. Бүгінде жасы 80-ге келсе де, алдына келген көңілі сынық науқас жанға көмек көрсетуден аянып қалмайды. Осы салада 40 жылдан астам қызмет еткен маманның есімін кеңестік кезеңнің ең мықты мамандардың тізімінен таба аласыз. Адал еңбек әділ бағаланатын кезеңде Мәскеуде басылып шыққан Алтын кітапқа екінің бірінің аты жазыла бермесі анық. Кеңес дәуірі кезінде-ақ оған «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісі берілген. Ауданның Құрметті азаматы ретінде аудандағы келелі мәселелерге де атсалысып, күрделі мәселелердің оң шешілуіне септігін тигізіп келе жатқан жандардың бірі. Бүкіл еңбек жолын ана мен бала денсаулығына арнаған ардагерге әлі де ауылдағылар балаларын әкеліп, ем-домын алып, үлкендері де шипа алуға ынтызар болып тұрады.

«Жас кезінде бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» деген. Қажыр-қайратың барда соның мәнісіне жете бермейді екенбіз. Жасың ұлғайғанда кезінде жасағаның алдыңнан шығады екен, жақсылығың көп болса – көрер зейнетін сол. Құдайға шүкір, бір жерге бара қалсам, барлығы амандасып, жағдайымды сұрап жатады. Кезінде көрсеткен ем-домымнан жағдайы жақсарып кеткендер ризашылықтарын білдіріп жатады. Маған осыдан артық қандай марапат керек?! – дейді ол.

Бағалай білген кісілерге медицина қызметкерлерінің тұғыры таймас биік тұлға. Жалпы медицина қызметкері болу адамға жарық сыйлау деген сөз іспетті. Сондықтан қанша жасқа келсе де, жасаған ем-домынан шарапат алып, жылы да мейірімді сөзінің өзінен шипа тапқандай өсер алып жүрген жандардың қамқоршысы, ардагер-дәрігерлер аман болсын деп тілейік.

Ермаханбек НҮРДІЛДА

ЖҮРЕКЖАРДЫ

АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН ҰЛБОЛСЫН

«Еңбексүйгіш елдің еңесі биік» дейді халық даналығы. Бұл тұрғыдан келгенде, біліктілік пен шыдамдылықты қатар талап ететін жауапты мамандық иелерінің бәсі тіпті артық. Әсіресе медицина – жүгі ауыр салалардың бірі. Оның ерекшелігі сол – жауапты да қиын мамандық иесі дәрігердің жұмыс барысында ешқашан қателесуіне болмайды. Сондықтан олар ұдайы тәжірибелік білімін жетілдіріп, ізденіс үстінде жүреді.



халатты абзал жан» деген халықтың құрметті атағынан асқан қасиетті ұғым жоқ. Сырқат жанның дертіне емдеу, еміне шипа таба білген ол бүкіл саналы ғұмырын халық денсаулығын сақтап, салауатты өмір салтын қалыптастыруға арнағаны келеді. Осы мақсатта «Денсаулық – басты байлық» тәмсілін өмірлік ұстанымға айналдырып, емдеу саласында жемісті еңбек етуде. Ем іздеп алдына келген әрбір науқастың дертіне шипа дарытып қана қоймай, жүрегіне жылу ұялата біледі. Қарапайымдылық пен кішіпейілділік секілді асыл қасиеттер Ұлболсын Бауыржанқызының бір бойынан табылады. Әрбір науқаспен тікелей қарым-қатынас орнатып, ақыл-кеңесін айтудан тартынған емес. Осының өзі – оның өз ісіне қаншалықты берілгендігінің айқын айғағы.

«Дерт меңдеп, дауа іздегенде де, ең әуелі дәрігерге жүгінетініміз анық. Иә, ауру азабын тартқан сәтте ажалға арша болатын ақ халатты жандардың еңбегі өлшеусіз ғой. Мұндайда уайым кешкен жүрекке сабыр сыйлайтын, күдікті сейілтп, үмітті қайта жандырып, аурудан айқытыру үшін бар күш-жігерін аямайтын қолы алтын, жүрегі нұрлы ақ желеңді абзал жандарға қандай мақтау сөз айтсаңыз да артық етпейді.

Қазақта «Жақсылығын жақсылығын айт, нұры тасысын» деген аталы сөз бар. Сол аталы сөзге лайық, өз ісінің білікті маманы – №2 қалалық емхананың бас дәрігерінің ана мен баланы қорғау ісі жөніндегі орынбасары Ұлболсын Жұмағалиева.

Ұлболсын Бауыржанқызы – талмай еңбек етіп, еліне зор пайдасын тигізіп жүрген білікті дәрігер, жастарға үлгі етуге әбден лайықты еңбек адамы. Мамандығына жан дүниесімен берілген ол үшін «ақ

Ұлболсын Жұмағалиеваға айтар алғысым шексіз. Медицинамыздың көкжиегін дәл осындай білікті мамандар көркейтеді. Ауырған тәнді қалпына келтіріп, кейде өмір мен өлімнің арпалысқан қатерлі сәттерінде бар білімі мен білігін аямайтын мамандық иелерін қалай дәріптесек те жарасады. Дәрігерлердің шипалы қолдарының көмегімен өмірден күдер үзгелі жатқан науқас та аман-есен жарық дүниеге қайта оралып жатады. Сондай білікті мамандардың сапынан Ұлболсын Бауыржанқызының да табылуы – өзіне де, өзгеге де мақтаныш. Осы сәтті пайдалана отырып, Ұлболсын Жұмағалиева мен Медицина қызметкерлерінің күнімен шын жүректен құттықтаймын! Өрқашан адамдардың алғысына бөленіп, еңбегінің жемісін көруге тілекшімін.

Жансая БАЗАРБАЕВА,
№2 қалалық емхананың
ем алушысы

ДЕНСАУЛЫҚ

КӨПБЕЙІНДІ АУРУХАНАНЫҢ КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ

Бүгінгі таңда елімізде көлемді реформалар жүргізілуде. Әсіресе денсаулық сақтау жүйесін дамытуға айрықша басымдық берілген. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та отандық медицина алдына үлкен әрі жауапты міндеттер қойып отыр.

Айталық, ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасына (концепция) сәйкес, Жамбыл облыстық көпбейінді ауруханасында ауқымды іс-шаралар жүргізіліп, оң нәтижелерге қол жеткізілуде.

Бүгінде ауруханадағы төсек қоры 310-ды құраса, оның күндізгі стационары – 35. Сонымен қатар ауруханада 725 қызметкер еңбек етуде. Олардың 94-і дәрігер, 296-сы орта және кіші буын қызметкерлері. Облыстық аурухананың құрамында гематология, қан тамырлары хирургиясы, гастроэнтерология, ревматология, эндокринология секілді өңірде баламасы жоқ біртұтас бөлімше жұмыс істейді.

Жылына ауруханада 12 000-нан аса науқас медициналық көмек көрсетіледі. Мәселен, 2023 жылы мамандандырылған медициналық көмек бойынша – 5 852 ота, оның ішінде



эндовидеохирургиялық – 1 447 ота, ал жоғары мамандандырылған медициналық көмек бойынша 57 ота жасалынды. Сонымен қатар өткен жылы 8 мамандандырылған медициналық көмек және 1 жоғары технологиялық медициналық көмек түрі, ал 2024 жылдың 5 айына 4 мамандандырылған медициналық көмек және 1 жоғары технологиялық медициналық көмек түрі көрсетілді.

Ағымдағы жылы облыс әкімінің тапсырмасы бойынша, облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының «Облыс бойынша денсаулық сақтау саласындағы үйлестірушілерді бекіту туралы» бұйрығының негізінде, Жамбыл облыстық аудандық орталық ауруханаларында жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды, онда мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық

көмекті аймақтарға жақындату, медициналық-стационарлық қызметтің сапасын арттыру, оның жұмысын жақсарту мақсатында көптеген іс-шара атқарылды. Атап айтсақ, Талас, Сарысу, Жуалы, Жамбыл, Байзақ, Т.Рысқұлов, Мерке, Шу АОА, Шу ҚА, Мойынқұм, Қордай аудандарына шығып стационарлық көмекті ұйымдастыру, жақсарту мақсатында Жамбыл облыстық көпбейінді ауруханасының білікті хирург дәрігерлерімен хирургиялық заманауи әдістерін қолдана отырып шеберлік сыныптары шеңберінде ота жасалып, кардиолог, невропатолог, эндокринолог, ревматолог, қан тамырлары хирургиясы, кардиохирург, хирург, реаниматолог дәрігерлерімен дәрігерлік 1 345 кеңес көмек көрсетілді.

Сонымен қатар Жамбыл облысының орталық аудандық ауруханаларының жалпы практика дәрігерлері үшін жұмыс орнында үздіксіз аурухананың оқыту кестесіне сәйкес, қазіргі таңда жыл басынан бері 130 дәрігер аурухана базасында клиникалық тәжірибеден өтті. Енді жыл соңына дейін жұмыс орнында үздіксіз оқыту бойынша 182 дәрігерді қамту жоспарда бар.

Осы ретте, медицина саласының қызметкерлерін төл мерекеміз – Медицина қызметкерлерінің күнімен құттықтаймын! Ұлт саулығы жолындағы еселі еңбектеріңіз әрдайым еселене берсін!

Марат ЖҰМАНҚҰЛОВ,
Жамбыл облыстық
көпбейінді ауруханасының
бас дәрігері

Мереке құтты болсын, абзал жандар!

АЯЛЫ АЛАҚАН

Жаратылыс жұмбағында тағдыр жазымы болатыны хақ. Адам баласының басына түскен осынау қиындықтың құпиясын жұмыр жердегі бір пенде тап басып айта алмайды. Тағдыр талкегіне түскендерге аяныш пен мейірім ғана көкейде сәуле болып себіледі. Ал ондай жандардың жан дүниесін түсініп, сүйеніш болу екінің бірінің қолынан келмейді. Міне, осындай аялы алақанның жылуын сездіріп жүрген №5 Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығы мамандарының еңбегі сөзсіз көзсіз ерлік.

2014 жылы іргетасы қаланған орталық 550 науқасқа шақталған. Жалпы алаңы 33,687 шаршы метрді құраса, мұнда 400-ге жуық қызметкер аянбай тер төгуде. Орталықтың негізгі мақсаты қызмет алушыларға жасы мен денсаулық жағдайын ескере отырып, үй жағдайына жақындатылған қолайлы өмір шартын қамтамасыз етуді көздейді. Сондай-ақ арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуде мемлекеттік стандартқа сәйкес кепілдендірілген арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және оналту шаралары басты назарға алынған. Мекемеде арнаулы әлеуметтік қызметтердің сегіз бағыты толыққанды қамтылған. Олар: тұрмыстық, медициналық, психологиялық, педагогикалық, еңбек, мәдени, экономикалық және құқықтық бағыттар. Бір сөзбен айтқанда, орталықта науқастарға барлық қолайлы жағдай жасалған. Біз оған мекемеге арнайы ат басын бұрған кезде толыққанды көз жеткіздік.

Жалпы орталық сырт көзге қарағанда өзімен-өзі оқшауланған мекемедей көрінеді. Алайда ішке қарай енесіз, нағыз қайнаған тіршілікті көресіз. Ал жүрекке жүк болатындығы – мұндағы дәліз бен әрбір есікте тағдыр талкегіне түскен жандардың мұны мен үнінің ізі жатыр. Орталық директоры Балабек Нарбаевтың айтуынша, мұнда қызмет ету үшін мамандардың жүрегі таза болуы керек екен.

– Қазақ – жетімін де, жесірін де жылатпаған халық. Сүрінгенге сүйеу, жығылғанға демеу болған ел. Мұндағы емделушілерге де мейірім мен жүрек жылуы керек. Себебі көп ата-ана балаларын үйде ұстай алмағандан кейін бізге әкеліп жатады. Олардың ішінде жүйке ауруынан бөлек, өз еркімен тамақтанып, қимылдай алмайтындары да көп. Міне, осы науқастарды өз баламыздай бауырымызға басып, барынша үй жағдайына жақындатылған қолайлы орта қалыптастыруға тырысамыз. Балалардан бөлек, жасы егде тартқан, орта буындағы науқастар да бар. Олардың да жүрек үнін тындап, жанына жақын болуға мамандарымыз жан салуда. Әрине, ешкім баласы мен жақынына ауру тілемейтіні анық. Сондықтан мұндай науқастардың жағдайын жүрекпен ұғып, санамен түсіну керек, – дейді орталық директоры.

Орталықтың бірінші қабатына енгеннен көзімізге қолдан жасалған бұйымдар, ою-өрнектер мен қылқалам туындылары оттай басылды. Сұрай білсек, бұл бұйымдардың барлығы осында ем алушылардың қолынан туған екен. Осылайша бір тұста денсаулығынан кемдік берсе, екінші жағынан, кеңдік жасаған Жаратқанның шексіз мейіріміне тағы бір мәрте куә болдық. Тағы бір есікке бас сұқсақ, мұнда емделушілер теледидар көріп тынығуда. Тағы бір тұста науқастар құрастырылмалы суреттер жинап, ой-өрісін кеңейтуде. Одан бөлек, киіз үй, домбыра, қазақы

ЖАБЫРҚАУ ЖАНДАРҒА ЖЫЛУ СЫЙЛАҒАН

№5 орталық қызметкерлерінің еңбегі сөзсіз көзсіз ерлік



құрақ көрпелер жайылған бөлім ұлттық құндылығымыздан сусындатып тұр. Шеберлер бөлмесінде бойында таланты бар емделушілер ою ойып, кесте тоқып отырса, енді бірлері аула тазалығына жауап беріп, қоян өсіріп, бау-бақша суарып жатқандары тағы бар. Бір көзге қарағанда, құлпынай өсіріп, жер қопсытып отырған жандарды көріп науқас дей алмайсың. Алайда орталық мамандары оларды сүйікті істеріне баулып, осылайша қалыпты ортаға қайта оралтуда.

Ал емделушілерге орталықта сумен емдеу, массаж жасау, жүйке жүйесін реттеу, тынығу, асхана, жаттығу, тіпті шаштараз бөлмесіне дейін қызмет көрсетуде. Бөлмелердегі қызметтер дәрігерлердің тікелей бағыттау әрі бақылауы арқылы жүзеге асады. Және дәрігердің нұсқамасымен дертіне қарай емдік шаралары жүргізіледі.

Осылайша орталықтағы жағдайды көзбен көріп, еріксіз таңдай қағып келе жатқанымызда, алдымыздан жүйке ауруына шалдыққан балалар көрінісі шығып, жүрегімізге жүк түсті. Бірі арбаға таңылған болса, енді екіншісі басын шайқап бізге беймәлім әлемге еніп кеткен. Енді бірі төсектен өздігінен тұра алмайтын күйде. Оның төсегін түзеп, астын жуып, қолмен тамақтандырып жатқан маманды көріп ет бауырымыз езіле кетті. Маманның бойындағы балаға деген мейірімі мен анаға тән махаббатын көріп, жанарымызға жас үйірді. Орталық қызметкерлерінің жұмысы қаншалықты ауыр екенін осы көріністен-ақ сезіндік. Төсек тартқан баланы құшағына қысып, қызғыш құстай қорыған оның ісі шексіз сүйсітті. Мынау қатыгез жалғанда қамқорлық пен махаббаттың бар екені дәлелденді.

Осындай еңбегі адал, жүрегі ақ жандардың алайда еңбегі өз деңгейінде бағаланбайтыны іш қынжылтты. Орталық директоры Балабек Жанбекұлының айтуынша, орталық әлеуметтік салаға қарасты болуына байланысты, мұндағы жұмыс жасайтын медициналық, педагогикалық лауазымдарындағы қызметкерлер денсаулық сақтау және білім беру саласында жұмыс жасайтын қызметкерлермен теңестірілуінің салдарынан көптеген жеңілдіктер мен құрметтен қағылуда.

– Орталықта 400-ге жуық адам қызмет етсе, соның жартысы медицина саласының мамандары. Олардың қатарында 10 дәрігер, 50 медбике мен өзге де орта буын мамандары бар. Сондай-ақ педагогикалық бағытта жұмыс істейтін қызметкерлеріміз де аз емес. Алайда мекемеміз Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығы болғандықтан, мамандарымыз не Медицина қызметкерлерінің күнінде, не Педагогтар күнінде құрметтелмейді. Жасап жатқан жұмысы бір болса да, біздің мамандар шетқақпай көруде. Соның салдарынан айлық жалақылары төмен болып, өзге де жеңілдіктерге қол жеткізе алмауда. Алайда жалақының аз болуына байланысты білікті дәрігерлер бізге жұмысқа келгісі келмейді. Егер орталық мамандарын медицина саласы мамандарымен бірдей теңестірсек, көптеген мәселе өз шешімін табар еді, – дейді орталық директоры.

Иә, бұл, шынында, ойға қалдыратын дүние екен. Біз орталықты аралау кезінде мұнда үлкен ауруханалар мен емханалардан кем түспейтін медициналық қызмет көрсетілетініне көзіміз жетті. Тіпті орталықта тіс дәрігері мен қажетті құрал-жабдықтың бәрі бар екенін көріп таңғалдық. Осындай қолайлы орта қалыптастырып, науқастардың дертіне дауа жасап отырған мамандарды қалай ғана медицина маманы емес деп айтуға болады? Бұл мәселені биік мінберде қарайтын кез жеткені анық. Сондықтан

отбасылардан шыққандықтан, такси қызметін қалтасы көтере бермейтін ата-ана да аз емес. Оған енді мекемеге күнделікті қатынайтын айлығы шайлығына әзер жетіп жүрген 400 қызметкерді қосыңыз. Міне, осы халықтың жанайқайын тындап, билік өкілдері жолды жаңартып, қоғамдық көлік қатынасын реттеп берсе, жүрегі жарымжан талай жанның алғысына бөлener еді.

Биыл орталықтың ашылғанына он жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында жауын-шашын мен желдің өтінде тұрған мекеменің сыртқы қабаты зақымданып, қабырғалары құлауда. Егер осы мәселеге де шенділер мән беріп, ағымдағы жөндеуге ақша қарап берсе, түйткілдің түйіні тарқала түсер еді. Бұзылғанды бүгін бүтіндей алсақ, ертең дер кезінде қабылданған бұл шешіммен екі есе ұтарымыз анық.

Орталық маңында орналасқан үлкен қоқыс алаңы да қазір көптің жанына батуда. Мамандар осы қоқыстан түрлі онкологиялық аурулар шыға ма деп қауіптенеді. Егер қоқыс алаңынан індет ошағы тұтанатын болса, бұл №15 ықшамаудан тұрғындарын үрей астында қалдыратыны анық. Себебі бүгінде аталған аудан үйлерінің іргетасы қоқыс алаңына жақын тұста қаланып жатыр.

Әрине, байыбына бармай жатып байбалам салудан аулақпыз. Алайда бұл – біздің орталықтың жұмысымен танысуға барған кезде көзбен көріп, санаға салмақ салған дүние. Сондықтан жоғарыда аталған мәселелерге жауапты басшылар жігіт көңіл бөліп, тараптарға тиімді бір жол табады деген сенім мол. «Қайырымның қайыры бар» дейді дана қазақ. Ал қиын сәтте қол ұшын созу – адамдық парыз. Қазіргі таңда орталық демалушілерге де зәру. Өздерінің қомақты қаржысы болмағандан кейін барды ұқсатуда. Егер қалталы азаматтар орталық тынысымен бір күн танысса, мұндағы емделушілердің жаны мен үнін түсінер еді. Әрі он екі мүшесі сау таңына шүкірлік айтып, қолдан келген көмегін аямас. Сондықтан жақсылық жасауға асығайық, ағайын!

Саятхан САТЫЛҒАНОВ



ҚҰРМЕТ

САЛА ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Әлемде ешқашан өлмейтін, даму үстінде ғана жүріп отыратын мамандықтардың бірі – медицина саласы. Медицинасы дамыған елдің болашағы жарқын болмақ. Өйткені ол дамыса, елдің денсаулығы жақсарады, осылайша қоғам өркендейді.

Дамыған елдердің тәжірибелерін меңгеру арқылы озық елдердің қатарына енді мақсат тұтқан еліміз соңғы жылдары денсаулық сақтау саласына аса мән беріп келеді. Нәтижесінде, жыл сайын салада өзгерістер орын алып, тіпті шалғай аудандардағы емханаларға заманауи аппараттар ұлестірілуде. Ал мемлекеттің басты байлығы адам десек, әрбіріміздің денсаулығымызды бақылайтын ақ халатты абзал жандардың қоғам алдындағы еңбегі еселі.

Қазақстанда маусым айының әр үшінші жексенбісі – Медицина қызметкерлерінің күні ретінде аталып өтеді. Бұл күні елімізде

денсаулық сақтау саласының мамандары ерекше сый-құрметке бөленеді. Уақытпен санаспай, науқастың жанын сақтап қалу үшін қолдан келгеннің бәрін жасап жүрген ақ халатты абзал жандар қандай құрметке болса да лайық.

Дәл осындай «адам жанының инженері» атанған Медицина қызметкерлері күні қарсаңында облыстық психикалық денсаулық орталығында салтанатты жиын ұйымдастырылды.

Ең әуелі сөз алған орталықтың бас дәрігері Серік Жетібаев мамандарды кәсіби мерекелерімен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

– Бүгінгі қоғам медицина

қызметкерлеріне зор жауапкершілік жүктейді. Біздің басты мақсатымыз – халықтың алғысына бөленіп, адал еңбек ету. Адамдар өз өмірі мен денсаулығын сіздердің қолдарыңызға сеніп тапсырады. Ұзақ жылдар бойы жанкешті еңбегімен, мамандығына адалдығымен, баға жетпес тәжірибесімен адамдарға қызмет етіп келе жатқан сіздерге ерекше алғысымды білдіремін, – деген Серік Дүйсенәліұлы бірқатар сала қызметкеріне ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, облыс және қала әкімдігі, облыстық денсаулық сақтау басқармасының Құрмет грамоталары мен Алғы хаттарын табыстады.

Марапат иелері де өз кезегінде ризашылықтарын жеткізді.

Жұмаш ЖОЛБОЛДЫ



ҚЫЛМЫСҚА ҚЫЛБҰРАУ

Барлығымыздың өкінішімізге қарай, көмелет жасына толмай жатып қылмыс жасайтын жасөспірімдер азаймай отыр. Олар өмірге деген көзқарасы қалыптасып үлгермей тұрып, өз болашағына балта шабулда.

Жалпы құқық бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп, ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады. Осыдан келіп бала тәрбиесінің әлсіреуі қоғамның ең басты бас ауруына айналып отыр.

Ендігі сұрақ – аталған мәселенің қоғамдық сипат алуына кім кінәлі? Бұл тұрғыдан келгенде біріміз мектепті, біріміз құқық қорғау органдарын, енді біріміз, жоғарыда атап өткеніміздей, отбасындағы жағдайды айыптап жатамыз. Шындығын айтар болсақ, бұл мәселеге бүкіл қоғам жауаптымыз және онымен қоғам болып күреспесек, қалған істің бәрі бос. Сондықтан «Сен салар да, мен салар, атқа жемді кім салар?» деп мәселені қолға алуды бір-бірімізге итермелегеніміз маңызды. Бүгінгі бала ертеңгі ел тұтқасын ұстайтын азамат екенін ескерсек, олардың тәрбиесін талбесіктен бастап, кешенді шараларды қолға алғанымыз жоқ.

Қазіргі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты халыққа арнаған Жолдауында: «Адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз. Мен Мемлекет басшысы ретінде көмелетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етемін», – деген болатын.

Осыған орай, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары қабылданды.

Жалпы еліміз егемендік алған сәттен бастап осы мәселеге ерекше екіп түсіріп келеді. Себебі бүгінгі бала ертеңгі ел тұтқасын ұстайтын

БАЛАНЫ ТАЯҚТАУ ОҢАЙ, ТӘРБИЕЛЕУ ҚИЫН



атпал азаматқа айналады. Сондықтан олардың қауіпсіздігі мен тәрбиесі бәрінен маңызды болуы заңдылық. Осыған орай, Тараз қаласының аумағында көмелетке толмағандар және оларға қатысты құқық бұзушылықтардың, оның ішінде олардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың, өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу мәселелері бойынша кешенді шаралар қолға алынған.

Тараз қаласы полиция басқармасының жергілікті полиция қызметі бөлімі ювеналдық полиция бөлімшесінің бастығы Айбек Асабаевтың айтуы бойынша, жеткіншектер арасындағы қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытын дұрыс ұйымдастыру.

– Патриоттық тәрбие мәселелерімен барлық мемлекеттік органдар, оның ішінде полиция органдары айналысатыны белгілі. Айта кетейік, полицияның негізгі қызметі жастар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу шараларымен шектелмейді. Бүгінгі таңда ішкі істер органдары қызметкерлерінің бірінші мақсаты – өскелең ұрпаққа құқықтық, патриоттық тәрбие беру деңгейін көтеру және оны дұрыс жолға бағыттау. Осы мақсатта ағымдағы жылдың өткен кезеңінде 36 спорттық сайыс және түрлі профилактикалық тақырыптарда 1 500 дәріс пен сұхбаттар өткізілді. Оның ішінде құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу бойынша – 951, салауатты өмір салты бойынша – 617, дини экстремизм мен сепаратизмнің алдын алу

бойынша – 82, түрлі профилактикалық тақырыптарда 45 дөңгелек үстел және 29 акция өткізілді. Бұқаралық ақпарат құралдарында барлығы 287 сөз сөйлеу ұйымдастырылды, – дейді бөлімше бастығы.

Алайда осы атқарылған кең көлемді іс-шараларға қарамастан, ішкі істер органдарына түрлі құқық бұзушылық жасаған 1 771 көмелетке толмаған жеткіншек жеткізілген. Олардың ішінде спирттік ішімдіктерді пайдаланғаны, ұсақ бұзақылық жасаған және түнгі уақытта қараусыз жүргендер бар. Нәтижесінде, Өмірлік қиын жағдайға қалған балаларды қолдау орталығына 122 жасөспірім орналастырылған. Осылайша қазіргі таңда полиция басқармасында профилактикалық есепте 179 жасөспірім тұр екен. Сондай-ақ бірнеше рет құқық бұзушылық жасағаны үшін девиантты мінез-құлқы бар балалар мен жасөспірімдерге арналған арнайы мектепке 6 жасөспірім орналастырылып, 31 ата-ана мен қамқоршы ата-ана құқықтарынан айырылған.

Ал ағымдағы жылдың 5 айында көмелетке толмағандар жасаған қылмыстар өткен 2023 жылдың осы есеп кезеңімен салыстырғанда 23 деректен 25 дерекке өскеніне, 8,7 пайызға артқан. Десе де, ауыр қылмыстар саны 13 деректен 7 дерекке дейін төмендеген.

Жасөспірімдер арасында дертке айналып отырған жайттың бірі – суицид. Аталған уақыт ішінде өз-өзіне қол жұмсау мәселесі бойынша 2024 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша, суицидтің 8

дерегі тіркелді. Өкінішке қарай, суицид жасау фактісі өткен жылға қарағанда 5 дерекке артып отыр. Өз-өзіне қол жұмсауға 6 қыз бала, 2 ұл бала ұмтылған. Олардың үшеуі мектеп оқушылары болса, төртеуі колледж студенттері. Ал біреуі еш жерде оқымайтыны анықталған. Толық отбасыдан шыққаны – 6, толық емес отбасыдан шыққаны – 2.

– Көмелетке толмағандарға қатысты қылмыстар санынан жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс саны 28,6 пайызға немесе 11-ден 6-ға төмендеген. Көмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың алдын алу қиын, өйткені әрбір екінші қылмысты үй-жайда жақын адамдар, біртегі тұратын әйелдер, көршілері және жақындары жасайды.

Тіркелген деректерді талдау кезінде аталған жағдайларға ең әуелі жұмыссыз халықтың санының өсуі, интернет желілердің қолжетімділігі, ата-аналар тарапынан өз балаларының қауіпсіздігі мәселесіне аз көңіл бөлуі, олардың байланыстары мен бос уақытын бақылаудың жеткіліксіздігі себеп болып отырғаны анықталды.

Жыныстық сипаттағы қылмыстардың ең белең алып тұрғаны – 16 жасқа толмағандармен қозғалғаны қатынасқа түсу. Тараз қаласы аумағында осы жылдың 5 айында мұндай жайттың 3 дерегі тіркелген, олардың барлығы өзара келісім бойынша болған.

Бұл ретте сотқа дейінгі іс жүргізу іс жүзінде қозғалғанына қарамастан, мұндай істердің субъектілері қалыптасқан

дәстүрлерге байланысты, сондай-ақ қалыптасқан жергілікті менталитеттен туындаған туыстарының, таныстарының және басқалардың алдында әулеттеріне сын келтірмеу үшін азаматтық некеге отырады.

Барлық жыныстық қылмыстар бойынша өткен жабірленушілердің отбасылары туралы мәліметтерді талдау көрсеткендей, жабірленушілердің 87,5 пайызы толық емес отбасыларда тұратыны анықталып отыр. Бұл ретте осы отбасыларға зерделеу барысында заңды өкілдер тарапынан алкогольдік ішімдіктерді теріс пайдалануды немесе қоғамға жат әрекеттермен 2 ата-ана «бұрын сотты болған», 2 ата-ана «қорғау нұсқамасы шығарылған» санаттары бойынша есепте тұрған.

Қылмыстар бойынша зерделеу жұмыстарын жүргізу барысында жасөспірімдермен және оларға қарсы қылмыс жасаудың бірнеше себептерінің бірі үйден кету деректері болып отыр. Қала аумағында қаралып отырған кезеңде 91 жасөспірімге қатысты 83 үйден кету хабарламасы тіркелген. Оның 45-і қыз бала болса, 46-сы ұл бала. Оның ішінде мектеп оқушысы – 63, колледж білімгері – 24, еш жерде оқымайтыны – 4 жасөспірім, – дейді А.Асабаев.

Бөлімше бастығының айтуы бойынша, қала аумағында ата-аналардың жауапкершілігін күшейтуге, жасөспірімдердің алкогольдік ішімдіктерді пайдалануға, олардың бұзақылық және басқа да құқыққа қайшы әрекеттер жасауына, сондай-ақ көмелетке толмағандардың ойын-сауық орындарында және түнгі уақытта үйінен тыс жерде болуын реттеуге бағытталған заңнама нормалары кеңінен қолданылады.

Жоғарыда аталған деректер жүгенсіз кеткен жасөспірімдерді жөнге салу үшін істеліп жатқан жұмыстар әлі күнге дейін жеткіліксіз екенін анық аңғартып отыр. Өйткені қанша жерден түсіндіру жұмыстары жүргізілгенімен, айтылған әңгіме баланың санасына сіңбей, айтылған жерінде қалса, әсері суға сіңген құммен тең болатыны белгілі. Сондықтан ертемізге үрке қарап, «Қайда барамыз, кім боламыз?» деген сұрақтың төңірегінде еріксіз ойлануға мәжбүр етіп отырған атышулы мәселеге көз жұма қарауға болмас. Егер артымызда бұғанасы берік, қанаты қатаян және елім дегенде еміренетін ұрпақ қалсын десек, нақты іс-әрекетке көшейік. Мектеп табалдырғын аттаған жас бала ертеңгі ел енесін көтеретін тұтқа десек, оларды парасатты, саналы азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ересектің борышы. Сондықтан да қоғам жеткіншектер тәрбиесіне бейжай қарамай, балалар арасындағы әлімжеттік пен кикілжіңдердің алдын алу жолында жан аямай еңбек етсе құба-құл.

Қарақат ПӘРІМБЕК,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
«Конвергентті журналистика» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті

ҚОҒАМ ДЕРТІ

ҚЫДЫРУҒА КЕТІП, ҚЫЛМЫСКЕР БОЛЫП ШЫҚПАСЫН...

Есірткімен күрес – қоғамдағы маңызды міндеттердің бірі. Елімізде есірткі саудасымен айналысатындардың, наша тұтынытындардың жолына тосқауыл болу үшін барлық тиісті шаралар жүзеге асырылуда. Ендігі ретте құзырлы органдар синтетикалық есірткіні интернетте жарнамалаушыларға қарсы күресті қолға алды. Өйткені соңғы уақытта көптеген қалаларда, соның ішінде Таразда да қауіпті синтетикалық есірткіні жарнамалау белең алған.

Жалпы синтетикалық есірткі – бүкіл әлемнің мазасын қашырып отырған ауыр дерт. Бұл кеселдің адам психологиясына санаулы секундта өте қатты әсер ететінін неврология ғылымы бағында-ақ дәлелдеп берген. Полиция есірткінің бұл түрімен күресудің қиындығын айтып, синтетика саудасының белең алып бара жатқанын ескертіп, дабыл қағуда. Ал сарапшылар әлем бойынша аптасына синтетикалық есірткінің 10 жаңа түрі шығарылатынын алға тартып, жасырын зертханалардың «көркін қыздырып» жүрген психикалық белсенді заттардың таралу жолдарын іздеп бас қатыруда.

Елімізде «синтетикалық есірткі» дейтін ұғым осыдан он шақты жыл бұрын пайда болды. Алғашында Қазақстанға темекі қоспалары бар «спайс» келді, уақыт өте түтіні жоқ темекі – «сноус» саудаға шыға бастады, кейіннен есірткі әлемін «кристалл», «жылдамдық», «ваннаға арналған тұз» деген түрлі атау жамылған синтетикалық заттар тез жаулап алды. Ең сорақсы – бұл дерттің тырнағына ең бірінші болып жаны жаңалыққа құмар жастар ілігіп жатыр.

У саудаалап, ұрттын майлағандардың ұрымтал тұсын тауып, заң алдында жауапқа тарту да оңайға соғып тұрған жоқ. Синтетикалық есірткімен күресу құзырлы органдар үшін қаншалықты қиын болса, химиялық қоспаларға қол жеткізу соншалықты оңай болып барады. Буыны бекіп үлгермеген жеткіншектердің дені бұл дерттің торына онлайн арқылы ілігіп жүр. Себебі синтетикалық есірткілер, негізінен, интернет арқылы сатылады. Ал елімізде

кез келген азамат үшін интернет дүкендер қолжетімді екені бәсеңден белгілі. Яғни сатып алушы мен саудагер бір-бірімен бетпе-бет кездеспейді. Тауар онлайн таңдалып алынады, төлем де онлайн жасалады. Кейіннен сатып алушы мен саудагер түрлі мессенджерлер арқылы байланысқа шығып, тауарды қай жерден, қай уақытта алып кете алатындығы жөнінде нұсқаулықтармен алмасады. Осылайша барлық іс белгісіз арақашықтықта жасалады.

Ең қауіптісі, сымсыз байланыстың арғы жағынан бұйрық беріп отырғандар өздерінің арамаз пиғылдарын көмелетке толмаған, бесіктен белі шықпаған жеткіншектердің қолымен жүргізіп отыр. Өйткені есірткі саудасын жүргізіп отырғандар мұндай «жұмысты» оңай ақша табу жолы ретінде ұсынады. Өз кезегінде қаланың қызығына батып, қатарластарының алдында қалталы жөніп, арзан абдырай жинағысы келетін жөлекпелер мұндай іске қуана-қуана кірісіп кетеді. Осылайша олар есірткі тасымалдаушы немесе өз араларында аталатын «закладчик» болып шыға келеді.

Осы ретте қазіргі есірткі сатушылардың жұмысына егжей-тегжейлі тоқтала кетсек. «Аталған салада жүргендер» арасында тыйым салынған заттың бір рет тұтынуға келетін мөлшері «доза» деп аталады. Сол дозаны өткізу үшін алыпсатарлар қазір елімізде қолданыста бар кез келген әлеуметтік желіні пайдаланады. Мұнда олар өздерін қадағалау мүмкін емес деп ойлайды. Содан, жоғарыда аталған алыпсатар өз тұтынушысымен келісіп, тапсырысын қабылдайды. Синтетикалық есірткі

дайындалып болғаннан кейін, «курьер» оны тиісті қалаға алып келеді. Ол бұл қызметі үшін тиісті сыйақысын алады. Қажетті жеріне келген соң, оны бір жерге көміп кетеді. Ол көмген жерге «гранатчик» келіп, тауарды алып, белгілі граммдармен өлшеп, тауарды бөледі. Бұл «қызметіне» ол да өз жалақысын алады. Осыдан кейін ол да басқа жерге тығып кетіп, «закладчикке» мекенжайды фотоға түсіріп жібереді. «Закладчик» дозаларға бөлінген «тауарды» белгіленген жерінен алып кетіп, «администраторы» айтқан жерге тығып кетеді. Ол да бұл «жұмысы» үшін өз тиісті жалақысын алады.

«Закладчиктер» – есірткі нарығының қара жұмысшылары, көбінесе ұсталып, сотталатындар да осылар. Өйткені олар тапсырыстарды бірнеше мекенжайға жеткізімін деп жүріп, көзге түсіп қалады. Осыған орай, Тараз қаласы полиция басқармасы ата-аналарды жазғы демалыс кезінде балалардың бос уақытын қадағалауға шақырып, оларды есірткі тасымалдаушылар ретінде жалдау қауіпі туралы ескертті.

Жыл басынан бері полицейлер соны өлімге апаратын қоспаларды сататын 201 сайтты анықтаған. Тәртіп сақшыларының айтуы бойынша, алыпсатарлар жұмысы ретінде тез және оңай ақша тапқысы келетін жастарды таңдайды. Мұндай жұмысты жасауға жайсыз отбасылардан шыққан балалармен қатар, толық отбасының балалары да келіседі.

– Соңғылар үшін бұл ойынның немесе уақыт өткізудің бір түрі саналады екен. Ал іс жүзінде барлығы ұзақ мерзімді түрмен аяқталады. 5 айда тәртіп сақшылары 12 есірткі қойын кетушіні ұстады. Олардан 1 килограмм 625 грамм синтетика тәркіленді. Ауқымын түсіну үшін айта кетейін, бұл – шамамен 4 500 бірреттік доза, – дейді ПД есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы Әлім Бажықбаев.

Сонымен қатар полиция қызметкерлері ата-аналарға балаларының күмәнді немесе күрт өзгерген мінез-құлқына уақытында назар аударуға кеңес беріп отыр. Ол белгілердің бірі – балаңыз кешкі уақытта серуендегенді

жөн санайтын болады. Сондықтан тәртіп сақшылары баланың қыдыруға кетіп, қылмыскер болып шықпауы үшін оларды ұдайы бақылауда ұстау қажеттігін айтады.

– Әдетте синтетика қоюшылар күніне қаланың әр түркірінде 15-20 жасырын орын қалдырады. Есірткілерді қалдырудың ең көп таралған орындары – тұрғын үйлердің кіреберістері, орындықтар, электр қалқандары, ойын алаңдары мен гузларлар. Бұл орындардағы фотосуреттер «жұмыс берушіге» жіберу үшін есірткі қоюшылардың телефонында болу керек. Сондықтан балаңыздың телефонындағы сақталған суреттерге мейлінше назар аудару қажет.

Сонымен қатар есірткіні межеленген орынға қалдыру үшін оны бекіткіші бар пакеттер мен скотч арқылы жапсырып кетеді. Сондай-ақ оларды өнімді кез келген металл құрылымына қалдыра алу үшін магниттер қолданады. Аталған заттардың баланың заттарының арасынан табылуы да оның жай серуенге кетпегенінің белгісі болуы мүмкін, – дейді Ә.Бажықбаев.

Бұдан бөлек, баламен кенеттен пайда болған ақша мен қымбат заттар және криптовалюта тақырыбында сөйлескеніңіз абзал. Есірткі тараушылар төлемді көбінесе криптовалютада алады. Егер ол ақшаның қалай пайда болғанын айтуды қаламаса немесе түсіндіре алмайтын болса, онда бұл жайтқа назар аудару қажет.

Сондай-ақ есірткі қоюшыларды жасырын қорқынышты биліріп тұрады. Олар өздерін әдеттегідей емес, тым асығыс немесе керісінше күмәнді баяу ұстайды. Өздерінің хоббиіне деген қызығушылықтарын жоғалтады, көбінесе агрессивтілік танытады. Сондықтан полицейлер ата-аналардан балаларының мінез-құлқындағы өзгерістерді мұқият бақылауды сұрайтынын айтады.

Ең өкініштісі, жеңіл ақшаның соңында жүріп қолға түскен жеткіншектер заң алдында ересек адамдармен бірдей жауап береді. Полиция қызметкерлерінің берген дерегіне сүйенсек, олар түрлі жағдайларды ескере отырып, орташа есеппен 7,5 жылға

дейін темір торға тоғытылуы мүмкін.

– Есірткі тараушыларды жалдаған кезде оларды бірден өз арбауларына түсіреді. Оларға: «Егер полиция қызметкерлеріне ұсталып қалсаңдар, еш уайымдамаңдар. Сендер көмелетке толмағандарсыңдар. Сол себепті сендерді қамауға алуға ешқандай құқықтары жоқ», – деген сынды жалған сөздерімен өздеріне сендіріп, «жұмыстары» еш үрейсіз жүргізуге үйретеді. Өткен жылдың ішінде еліміз бойынша осы «қызметпен» айналысқан ондаған жасөспірім қолға түсті. Олардың ең кішісінің жасы – 14-ге. Ал биыл жыл басынан бері есірткі жасырумен айналысқан 20 оқушы ұсталды. Оның жетегі сотталды, – дейді ҚР ІІМ есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті бастығының орынбасары Бақытжан Әмірханов.

Түйін

Жоғарыда айтқанымыздай, синтетикалық есірткі – жер-жаһанды жайлаған елдердің жаппай проблемасына айналған жайт. Ал оларды интернет арқылы тарату – бұл қылмысты кәсіп қылғандардың мойнына қылбұрау салуға кедергі келтіріп отыр. Ең сұмдығы сол, арам ақшаға алданған жеткіншектер солардың қолқолпарына айналып, қыздыққұмарлықпен кіріскен ісі үшін темір торға тоғытылып жатыр. Сол себепті әрбір ересек айналасындағы жетіліп келе жатқан жасөспірімнің қылығы мен іс-әрекетіне бақылау жасап, оны теріс жолға түсіп кетуінен қорғай жүргеніміз абзал. Баланы болашағы деп білген халық үшін оны сақтап қалудың ең тиімді жолы осы болса керек.

Мерей САРМАНОВА,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
«Конвергентті журналистика» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті

САЛАҒА СЕРПІН

ОБЛЫСТЫҚ ПЕРИНАТАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚТАҒЫ ОҢДЫ ІСТЕР

Қоғамның басты факторы – адам. Әрбір қазақстандықтың денсаулығының мықты болуы мемлекетіміздің қуаты мен әлеуетін көрсетеді. Елімізде ана мен баланың саулығына көп көңіл бөлініп отыр. Сондықтан да бүгінде бұл бағыттағы жұмыстар медицина саласының ең өзекті әрі көкейкесті мәселесіне айналған.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та өзінің қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында байыпты бағдарлар мен міндеттерді саралап, денсаулық сақтау саласына айрықша назар аудару қажеттігін баса айтты. Сондай-ақ халқымыздың баянды болашағы мен мемлекетіміздің ертеңі ана мен бала денсаулығына тікелей байланысты екенін еске салып, аталған саланың назарға алынуын жүктеді. Бұл тұрғыдан келгенде облыс орталығы – Тараз қаласында ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар істелуде. Оған Жамбыл облыстық перинаталдық орталықтың қосып келе жатқан үлесі аз емес.

Бүгінде аталған орталықта 559 қызметкер жұмыс істейді. Орталық Жамбыл облысы бойынша үшінші деңгейлі перинаталдық орталық болып саналады. Ерекше атап

өтерлігі, осында Қазақстан бойынша бірінші рет метропластика енгізілген. Сондай-ақ мұнда 500 граммдық шала туған балаларды күтіп-жетілдіретін неонатология бөлімі бар.

2023 жылы орталықта 7 482 бала дүниеге келді. Бұл – біз үшін зор қуаныш, үлкен жетістік. Әрине, баршамыз жанымыз қысылғанда, әуелі дәрігердің көмегіне жүгінеміз. Сондықтан қастерлі мамандық иелерін әрдайым дәріптеуіміз керек.

Осы сәтті пайдалана отырып барша ақ халатты абзал жандарды төл мерекелерімен құттықтап, дендеріне саулық, жұмыстарына табыс тілеймін!

Асхат СЕЙТЖАНОВ,
облыстық перинаталдық орталықтың бас дәрігері

САЛА ТЫНЫСЫ

ҚАЛАЛЫҚ ЕМХАНАНЫҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢ

Медицина саласын дамыту – мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселеге үнемі ерекше назар аударып, саланы дамыту үшін нақты тапсырмалар беріп келеді. Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсысымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасында да бұл мәселеге ерекше екіпін түсірілген.



Бұл тұрғыда өңірлердегі медициналық нысандарға зор жауапкершілік жүктелген. №5 қалалық емхана – сенім үдесінен толығымен шығып жүрген емдеу мекемесі. Аталған емхана бүгінгі күні 68 728 тұрғынға қызмет көрсетіп отыр. Оның 25 618-і балалар болса, 43 110-ы – ересектер. Емхананың бас дәрігері Динара Сарсенованың айтуынша, нысан 97,3 пайызға медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ емхана ауысымына 500-ден аса адамды қабылдауға қауқарлы болғанымен, былтырдың өзінде 894 келушіні қабылдады. Емханада 5 отбасылық денсаулық орталығы, профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесі арнайы мамандар бөлімшесі, диагностикалық бөлімше, күндізгі стационарлық 78 төсектік қалпына келтіру бөлімшесі, жедел медициналық жәрдем бөлімшесі, 5 медициналық бөлім және дәріхана жұмыс істейді. Сонымен қатар емхана 8 мектепке, 8 мектепке дейінгі балалар мекемесіне, 4 шағын орталыққа, Н.Тілендиев атындағы облыстық балаларға арналған мектеп-интернатына, облыстық Олимпиадалық резерв мектебіне медициналық көмек көрсетеді.

Бүгінде емханада 37 жалпы практика дәрігері, барлық учаскеде 3 медбике, 123 орта буын медицина маманы, 10 акушер-гинеколог, 10 акушер, 7 психолог, 7 әлеуметтік қызметкер жұмыс істейді. Сонымен қатар 2023 жылы ҚР ІМ ҚАЖК мекемелерінің қосылуына байланысты 2 терапиялық учаске ашылды. Емдеу нысанында халықпен кері байланыс жүйелі жолға қойылған. Мұндағы пациенттерді қолдау және ішкі бақылау (аудит) қызметінің мақсаты – проблемалық мәселелерді анықтау және медициналық көмек көрсету сапасын одан әрі жақсарту. Айталық, 1-қабатта пациенттерді қолдау қызметінің «Open office» кабинеті орналасқан. Ол әртүрлі сипаттағы мәселелер бойынша тұрғындардың өтініштерін қарайды. Біз

өзіміздің бекітілген емделушілерімізге «осында және қазір» қағидаты бойынша жұмыс істей отырып, ашықпыз және қолжетімдіміз. Бұдан бөлек, «Бас дәрігердің блогы» медициналық ұйымының сайты, сенім телефоны, мобильді қосымша (пациенттердің кері байланысының мониторингі), «Дамумед» АЖ, әлеуметтік желілердегі парақшаларымыз, «E-otintish» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өндеудің бірыңғай платформасы да үздіксіз жұмыс істеуде.

Сонымен қатар 2021 жылы емханада «Қалыптастырылған қоғамдық мониторинг және кері байланыс тетігі» (МИОМОС) пилоттық жобасы енгізілді. Медициналық ұйым жанынан құрамы 9 адамнан тұратын «Халық кеңесі» Денсаулық сақтау саласына қоғамдық сенім комитеті құрылды. Соның нәтижесінде, халықтың өтініштері 55 пайызға азайып, жоба өз жемісін беріп отыр. Сонымен қатар 2023 жылы Ақылмандар кеңесі құрылып, оның ереже мен жұмыс жоспары әзірленді. Бүгінде дейін аталған кеңестің 2 отырысы өтті. Бүгінде емханада 65 жастан асқан 4 705 тұрғын тіркелген. Оның ішінде ардагер-медицина қызметкерлері 3 пайызды құрайды. Тізімнен оналтуды қажет ететіндер ерекшеленеді. Тіркеу орнында медицина қызметкерлерінің ардагерлері үшін жеке терезе бар. Күндізгі стационарда олар үшін емделуге 2 төсек бөлінген. Сондай-ақ «Алтын жас» жобасы бойынша да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Емхана спикерлері міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша да үнемі ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Соның нәтижесінде, сақтандырылмаған тұрғындардың жалпы көрсеткіші небәрі 12-ақ пайызды құрап отыр. Тағы бір айта кетерлігі, қосымша жаппай иммундау жоспары 100 пайызға орындалды.

Перизат МАХАНОВА,
№5 қалалық емхана бас дәрігерінің медицина ісі жөніндегі орынбасары

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл облыстық оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК, «Тараз қаласы, Ұлтанбаев көшесі, №111 орналасқан Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл облыстық оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК ғимаратына күрделі жөнделу жұмыстары» жұмыс жобасына арналған қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша 24.06.2024 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Жобалық құжаттамамен танысу, ескертулер мен ұсыныстарды беру үшін Бірыңғай экологиялық порталында – <https://ecportal.kz> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінен қарауға болады, тел: +7477666688, e-mail: org-mid@mail.ru.

Нысан орналасқан жердің және әсер ету аймағының географиялық координаттары (ендік және бойлық): 42°52'40.71"С, 71°24'53.48"В.

ЖАО – «Жамбыл облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, пошталық мекенжайы: 080012, Тараз қаласы, Абай даңғылы, 133 «А», эл. мекенжайы: upr.taraz@zhambyl.gov.kz, тел.: 8 (7262) 451503.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГКП на ПХВ «Жамбылского областного реабилитационного центра» управления здравоохранения акимата Жамбылской области проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений с 24.06.2024 года в течение 5-ти рабочих дней на Раздел ООС к рабочему проекту «Капитальный ремонт здания ГКП на ПХВ Жамбылского областного реабилитационного центра» управления здравоохранения акимата Жамбылской области по ул. Ултанбаева, №111 в г. Тараз.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/> в разделе «Опубликованные публичные обсуждения», для предоставления замечаний и предложений, тел: +7477666688, e-mail: org-mid@mail.ru.

Географические координаты участка и территории воздействия (по широте и долготе): 42°52'40.71»С, 71°24'53.48»В. МИО - КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области», почтовый адрес: 080012, г.Тараз, проспект Абая,133 «А», эл.адрес: upr.taraz@zhambyl.gov.kz, тел.: 8 (7262) 451503.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының «Тараз» магистральдық газ құбырларын басқару» филиалы ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, келесі жұмыс жобасында көзделіп отырған жұмыстардың скринингі барысында анықталған қоршаған ортаға әсер етуі туралы материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды:

- Жамбыл облысы, Тараз Г.А., Тараз қаласы, Ниятқалиев көшесі, №128, «Қазфосфат» ЖШС ғимараты мекенжайы бойынша 2024 жылғы 18 шілдеде, сағат 11:00-де «Тараз» қаласындағы газ тарату станциясы-2 қайта құру».

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар «ZOOM» платформасында бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн режимінде өткізіледі, ол үшін сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/77155646595?pwd=qkRWVnuRmHDYyATD0ZXCkRkSFWfkG3N.1>

Конференция идентификаторы: 771 5564 6595,

Кіру коды: 7gwXzn.

Қосымша ақпаратты kuralai_girl@mail.ru электрондық мекенжайы бойынша және 87014549761 телефоны бойынша алуға болады.

Ұсынылған қызмет түрінің операторы: «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының «Тараз» магистральдық газ құбырларын басқару» филиалы, БСН: 110141014625, Қолбашы Койгелді көшесі, №177, тел: +7 (7262) 42-75-42.

Жобаны әзірлеуші: «ЮгГазПроект» ЖШС, мекенжайы: Шымкент қаласы, Күншығыс көшесі, 92, 48, БСН 070140008615, Тел.: 87014549761, ugp-zhake@mail.ru

Әсер ету аумағы: Жамбыл облысы, Тараз қ., Тараз қаласы.

Құрылыс учаскесінің координаттары. Шығарындылардың шамалы болуына байланысты әсер тек құрылыс алаңында күтіледі.

- 1) 687374.70 м В, 4753720.94 м С,
- 2) 687296.74 м В, 4753702.11 м С,
- 3) 687305.47 м В, 4753667.27 м С,
- 4) 687383.57 м В, 4753687.12 м С,

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Филиал «Управление магистральных газопроводов «Тараз» акционерного общества «Интергаз Центральная Азия» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам воздействия на окружающую среду, определенных в ходе скрининга намечаемой деятельности к рабочему проекту: - «Реконструкция газораспределительной станции-2 города Тараз» в 11:00 часов 18 июля 2024 года по адресу: Жамбылская область, Тараз Г.А., г.Тараз, ул. Ниятқалиева 128, здание ТОО «Казфосфат».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также на сайте МИО «www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat». Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале. В случае введения чрезвычайного положения и/или ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера общественные слушания будут проведены в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе Zoom.

Для этого необходимо пройти по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/77155646595?pwd=qkRWVnuRmHDYyATD0ZXCkRkSFWfkG3N.1>

Идентификатор конференции: 771 5564 6595

Код доступа: 7gwXzn

Дополнительную информацию можно получить по электронному адресу: kuralai_girl@mail.ru и по телефону: 8 -701-454-97-61.

Оператор намечаемой деятельности: Филиал «Управление магистральных газопроводов «Тараз» акционерного общества «Интергаз Центральная Азия», БИН: 110141014625, город Тараз, ул. Колбашы Койгельды, №177, тел: +7 (7262) 42-75-42.

Разработчик проекта: ТОО «ЮгГазПроект», БИН 070140008615, адрес: г. Шымкент, ул. Куншыгыс, д. 92-48, тел.: 87014549761, ugp-zhake@mail.ru.

Территория воздействия Жамбылская область, Тараз Г.А., г.Тараз.

Координаты участка строительства. В связи с незначительностью выбросов воздействие ожидается только на строительной площадке.

- 1) 687374.70 м В, 4753720.94 м С,
- 2) 687296.74 м В, 4753702.11 м С,
- 3) 687305.47 м В, 4753667.27 м С,
- 4) 687383.57 м В, 4753687.12 м С,

ЗАПРЕЩЕННЫЕ МЕСТА ДЛЯ КУПАНИЯ В ТАРАЗЕ

№	Наименование	Место нахождения
	Водоем «Үш көл»	Массив Шолдала
	Лоток и каналы	Массив Шолдала, ПК «Химик»
	Река «Талас»	Р-н ГРЭС
	Река «Талас»	Р-н «Сахарный завод» мост казводхоз
	Река «Талас»	Р-н «Красная звезда»
	Левый отводной канал	Р-н Автовокзал
	Левый отводной канал	Р-н «Толчак»
	Канал «Үш-бұлақ» и «Үш-бұлақ 2»	Парк «Жеңіс» и 6 микрорайон

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛСЫН

Жамбыл облыстық адвокаттар алқасының 2024 жылдың 17 қаңтарында Нұрлықұлова Айжан Ғалымжанқызының атына берілген №351 адвокат куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

ЦЕНТР ГЛАЗНОЙ ХИРУРГИИ

Диагностика и лечение заболеваний глаз

- Лазерная коррекция зрения
- Факосмульсификация (бесшовная хирургия)
- Гиперметропия
- Глаукома
- Миопия
- Косоглазие
- Катаракта

Лазерная хирургия и операции на веках
Адрес: г.Тараз, проспект Абая, 277. ☎ 8(7262) 540-540, 541-444
e-mail: optimed@mail.ru
www.optimed.kz
Гос.лицензия №15019408 выдана 02.11.2015г. Управлением здравоохранения Жамбылской обл.

ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМІ

Мұсылман жұртшылығының ұлық мерекесі – қасиетті Құрбан айтқа да санаулы күндер қалды. Әрбір мұсылман бұл қасиетті күндерді асыға күтіп, жағдайы келген адам құрбан шалып, айт мерекесімен өзгелерді құттықтап, қайырымды істер атқаруға тырысады.

Ата-бабаларымыз бұл күндері ұлық мерекені құрмет тұтып, ерекше киімдерін киіп, жақын-туғандарын аралап, «Айт қабыл болсын!», «Айт құтты болсын!» деген сөздермен ізгі ниеттерін білдіріп, балаларға айттық сыйлықтар беретін болған. Бұл күндерді ұлықтап, адамдарға қуанышты көңіл-күй сыйлау – тақуалықтың белгісі. Алла Тағала қасиетті Құранның «Хаж» сүресінің 32-аятында:

يَوْمَ تَلَا عَزَّوَجَلَّ آيَاتِ رَبِّكَ الْبُرُوجِ
«Кім Алланың белгілерін ұлықтаса, шындығында, ол жүректің тақуалығынан», – деген.

«Құрбан» сөзі «жақын болу», «жақындық» деген мағыналарды білдіреді. Демек, Алланың ризашылығы үшін құрбандық шала отырып, мұсылман баласы жаратқан Иесіне (сауап істері арқылы) жақындап, құнарларының кешірілуіне мүмкіндік алады.

Ислам дінінің басты мерекесінің шежіресі сонау ерте заманнан бастау алады.

Ибраһим пайғамбар көп уақыт Аллаға жалбарынып, ізгі ұрпақ тілейді. Алла Тағала тілегін қабыл етіп, оны қартайған шағында Исмаил атты ұлмен қуантады. Бала ержеткен кезде Ибраһим пайғамбар түсінде өз ұлын құрбандыққа шалып жатқандығын көреді. Басында күмәнданғанымен, ол тұртынша үш мәрте қайталанып кіреді. Бұл күн қажылық маусымының тәуриә, арафа және айттың бірінші күндері еді.

Пайғамбарлардың түсі уақи болғандықтан, не де болса бұл бұйрықты орындауға бел байлайды. Баласына көрген түсі жайында хабар берген уақытта ұлы да еш ойланбастан: «Әкетайым, өзіңізге бұйырылған істі орындаңыз», – деп мынадай бірнеше тілген айтады: «Уа, әкетайым! Қолдарым мен аяқтарымды мықтап байлаңыз, тепкіленіп ыңғайсыздық қылмайың. Пышағыңыз өткір болсын. Өзіңізге бұйырылған әмірді орындағанда, менің жүзіме қарамаңыз. Кешлік мейірімнің оянып, Алланың әмірін кешіктіріуіңіз мүмкін. Жейдемі анама апарып беріңіз. Оны қолына алып, жұбаныш табар», – дейді. Бұл сөздерді естігенде Ибраһим пайғамбар (оған Алланың сәлемі болсын) көзіне жас алып, Алла Тағалаға жалбарынып, өзіне бұйырылған әмірді орындауда бекемдік сұрайды. Ұлын етпетінен жатқызып, қолына өткір пышақты алып, ұлының мойнына қойып, тартып жібергенде, пышақ өтпейді. Ойткені сол сөтте Алла Тағала Жәбірейіл періштеге: «Пышақтың жүзін аудар», – деп бұйрық беріп, Жәбірейіл періште (оған Алланың сәлемі болсын) өзіне тапсырылған бұйрықты әп-сәтте орындағандықтан, Ибраһим болған жағдай түсінбей, қолындағы пышақпен тағы қайталап тартып көріп еді, бұл жолы да пышақ өтпейді. Сол кезде:

يَوْمَ تَلَا عَزَّوَجَلَّ آيَاتِ رَبِّكَ الْبُرُوجِ
«Уа, Ибраһим! Расында, түсінді шындыққа шығардың. Шын мәнінде, игілік істеушілерді осылай сынаймыз», – деген дауыс естіліп, ұлының орнына құрбандыққа үлкен бір кошқар түсіріледі («Саффар» сүресі, 104-аят). Осылайша әкелі-балалы екеуі өздеріне берілген сынақтан еш мүдірмей өтіп, шүкірлік айтып, үйлеріне қайтады.

Ендеше, құрбан шалу – пайғамбарлардың атасы Ибраһим пайғамбардың (оған Алланың сәлемі болсын) сүннеті. Бұл дәстүр біздің үмметке де мұра болып қалған. Зайд ибн Әрқаман (Алла оған разы болсын) жеткен хадисте ардақты Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамдар: «Уа, Алланың Елшісі! Құрбандық деген не өзі?» – деп сұрағанда, Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Аталарың Ибраһим пайғамбардың (оған Алланың сәлемі болсын) сүннеті», – деп жауап берген. Содан соң: «Одан бізге қандай сауап бар?» – деп сұрақ қойылады. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Әрбір тал қылшығы үшін сауап аласыңдар», – дейді (Имам Ахмад).

«Уа, Ибраһим! Расында, түсінді шындыққа шығардың. Шын мәнінде, игілік істеушілерді осылай сынаймыз», – деген дауыс естіліп, ұлының орнына құрбандыққа үлкен бір кошқар түсіріледі («Саффар» сүресі, 104-аят). Осылайша әкелі-балалы екеуі өздеріне берілген сынақтан еш мүдірмей өтіп, шүкірлік айтып, үйлеріне қайтады.

ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ.

ҚАСИЕТІ МОЛ ҚҰРБАН АЙТ



Құрбандық – барша мұсылман жұртшылығына ортақ мереке. Оның мынадай рухани және қоғамдық пайдалары бар:

«Құрбан» сөзі «жақын болу», «жақындалу» мағынасын білдіреді. Бұл мереке құрбандық шалып, Алла Тағаланың бұйрығын орындау арқылы Алланың рақым-мейіріміне қол жеткізудің бір жолы деп түсінген абзал. Сол себепті бұл бұйрықты шынайы ықыласпен орындауды көздеуі керек.

Алла Тағала ардақты Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

يَوْمَ تَلَا عَزَّوَجَلَّ آيَاتِ رَبِّكَ الْبُرُوجِ
«Расында, менің намазым, құрбандығым, тіршілігім және өлімім бүкіл Әлемнің Раббысы – Алла үшін! Оның серігі жоқ. Осылай бұйырылдым және мен мұсылмандардың алғашқысымын!» – деп айтты», – деп бұйырып.

Жаратушы Жаппар Иемізге шалынған құрбандықтың етінін де, қанының да еш қажеті жоқ. Бірақ бұл шариги амалды орындау арқылы пенденің Жаратушысына деген махаббаты, Оның бұйрықтарына бағынуы көрініс табады. Алла Тағала Қасиетті Құранның «Хаж» сүресі, 37-аятында мұминдерге:

يَوْمَ تَلَا عَزَّوَجَلَّ آيَاتِ رَبِّكَ الْبُرُوجِ
«Аллаға құрбанның еттері, қандары есте жетпейді. Бірақ сендердің тақуалықтарың жетеді», – деп ескерткен.

Міне, осылайша шынайы ықылас, кемел тақуалықпен шалынған құрбандық пендені Жаратушысының разылығына, мол сауапқа келеті. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Адам баласы Құрбан айт күні (құрбан шалып) қан ағызудан да абзал бәсеке іспен Алла Тағалаға жақындаған емес. Қаны ағызылған мал қиямет күні мүйіздері, тұяқтары және жүндерімен келеді. Ағызылған қан жерге тамбай жатып, Алла Тағаланың құзырында үлкен мақамға жетеді. Сондықтан құрбандарыңды көңіл ризашылығымен шалыңдар», – деген.

Дініміздің бұйрықтарын орындау пендені сауапқа келетүмен қатар, оның жеке басының тәрбиесіне де әсері мол. Адам малдарының ішінде ең жақсысын Алланың жолында

құрбандық етіп, оны мұқтаждарға тарату арқылы өзіне уәжіп болған істі орындап, бойындағы сараңдық атаулыдан арылып, өзге мұсылманның қуануына себепші болады.

Алла Тағала қасиетті Құранның «Тәубе» сүресі, 103-ші аяты:

يَوْمَ تَلَا عَزَّوَجَلَّ آيَاتِ رَبِّكَ الْبُرُوجِ
«Олардың дүние-мүлкінен (малдары көбейіп, берекет табуы үшін) зекет, садақа ал. Сол арқылы тазартып, құнарларынан арылт», – деп айтқан.

Сондықтан да құрбандық етіп тарату уәзілі оны алушыға емес, үлестіріп берушіге пайда келтіреді.

Бірде ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) отбасы қой сойып, оның етін садақа ретінде таратады. Сол кезде Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Қойдың қанша бөлігі қалды?» – деп сұрағанда, Айна анамыз (Алла оған разы болсын): «Қойдың бір қолынан басқа ерштене қалмады», – деп жауап береді. Сонда ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Қойдың бір қолынан басқасының бәрі бізге қалды», – деп айтқанын деген сөзін арнаған. Осылайша берілген садақаның зия кетпей, керісінше, өздеріне сауап болып жазылатындығын өсиет еткен.

Сондықтан құрбандық шалуды ниет еткен адам Алланың жолында малдарының ішіндегі ең сүйіктісін құрбандыққа шалғаны дұрыс. Алла Тағала қасиетті Құранның «Бақара» сүресі, 267-ші аятта:

يَوْمَ تَلَا عَزَّوَجَلَّ آيَاتِ رَبِّكَ الْبُرُوجِ
«Менің ішімдегі ең сүйіктісің, Алла Тағалаға құрбандыққа шалғаныңды білдір!» – деп айтқан.

«Уа, иман келтіргендер! Тапқандарыңның және біз сендерге жерден шығарып бергеніміздің жақсыларынан (садақа етіп) жұмсаңдар. Әрі көздеріңді жұмып тұрып болмаса, өздерің де алмайтын нашар нәрсені жұмсауға талпынбаңдар. Алланың аса Бай, өте Мақтаулы екенін білдіңдер», – деп айтқан.

Малыңың ішіндегі ең жақсысын құрбандыққа шалу арқылы пенде Жаратушының бұйрығының жүргізіндегі дүниелік істерден жоғары

тұратындығын дәлелдейді.

Қасиетті Құранда Адам пайғамбардың (оған Алланың сәлемі болсын) тұңғыш ұлы Қабыл мен оның інісі Әбілдің оқиғасы арнайы баяндалған. Адамзат тарихы енді ғана бұршиқ атып, қалыптасып келе жатқан сол бір көне заманда адамзаттың көбеюі үшін Адам пайғамбардың шаригатында оның бір құрсақтан туған егі балалары бір-бірімен некелесулері харам етіліп, тек басқа құрсақтан туғандармен үйлену алатын еді. Қабылмен бірге туған сыңары Әбілдің қарындасына қарағанда көрікті еді. Ол сыңарын Әбілге бергісі келмей, оған өзі үйленуді қалады. Алайда бұған Адам пайғамбар (оған Алланың сәлемі болсын) тыйым салды. Қабыл бұған қатты наразылық танытты. Сондықтан да Адам пайғамбар (оған Алланың сәлемі болсын) оларға Алла Тағаланың разылығы үшін деп құрбандық тарту етуді ұсынды. Олардың құрбандықтарының ерекшелігі – құрбан ретінде берілетін зат таудың басына қойылатын, аталған құрбандықты от немесе найзағай келіп жалмаса, оның қабыл болғандығын білдіретін. Әрі әркім істеген кәсібіне қарай, қолында барын құрбандық ретінде беретін.

Әбілдің отар қойы бар еді. Ішінен ең семіз, салмақты бір кошқарды құрбандық деп таудың басына қойды. Ал Қабыл қалған егіншілікпен шұғылданатын. Ол ең нашар бидайдан бір байламын құрбан еткісі келді. Бар ойы құрбандығының қабыл болуы емес, өз сыңарымен үйлену ғана болды. Біраз уақыттан кейін Қабыл мен Әбіл таудың басына қойған құрбандықтарын көруге барады. Әбіл құрбандыққа атаған кошқардың қабыл болғанын, ал Қабыл немқұрайлықпен құрбандық қойғаны үшін бидайының сол беті жатқанын көреді. Бұл жағдай Қабылдың Әбілге деген ашу-ызасын одан сайын өршіте түседі. Соңында шайтан азғырып, Қабыл өз бауырына қол жұмсайды. Ол тұрасында қасиетті Құранның «Мәнда» сүресі, 27-аятында:

يَوْمَ تَلَا عَزَّوَجَلَّ آيَاتِ رَبِّكَ الْبُرُوجِ
«Оларға Адамның екі ұлының басынан өткен оқиғаны айтып бер: Олардың әрқайсысы бірер

құрбан шалған еді. Сонда біреуінің құрбандығы қабыл болып, енді біреуінің қабыл болмады. Сол кезде ол (бауырына): «Сені өлтіремін», – деді. Ол болса: «Расында, Алла тақуа құлдарынан ғана қабыл алады», – деген еді», – деп айтылған.

Бұл аятта Раббымыз құрбандықтың сонау ықылым заманнан келе жатқан құлшылық екендігін және оның қабыл болуы үшін тақуалық пен шынайы ықыластың керектігін көрсетіп берді. Осы оқиғадан бастау алған құрбандық шалу Аллаға ғибадат ретінде Жаратқанның елшілері арқылы жалғасып, Ибраһим пайғамбар мен Исмаилдың дәуіріне дейін келіп жетті.

Қасиетті Құрбан айт күні мұсылмандар таң сәріден тұрып, ең жақсы киімдерін киіп, мешітке жиналып, жамағатпен айт намазын оқиды. Намаздан кейін бір-бірін ұлық мерекемен құттықтап, құрбандық малдарын сойып, жақындары мен мұқтаж жандарға таратып, олардың көңіліне қуаныш сыйлайды. Алла Тағала қасиетті Құранның «Хаж» сүресі, 28-аятта:

يَوْمَ تَلَا عَزَّوَجَلَّ آيَاتِ رَبِّكَ الْبُرُوجِ
«Құрбанның етінен өздерің жедер әрі мекендер мен кедейлерге жеткізіндер», – деп айтқан.

Бұдан түсінетініміз, Қасиетті Құрбан айт – пендені Жаратушысына жақындатып, мұсылмандардың өзара бірлігіне, олардың арасында сүйіспеншіліктің орнауына ықпал ететін мереке. Сондай-ақ құрбандық шалып, оны тарату арқылы пенденің пендешілігі мен мәрттігі, сараңдығы мен жомарттығы да сыналады. Алла Тағала қасиетті Құранның «Зәрият» сүресінің 19-аятында:

يَوْمَ تَلَا عَزَّوَجَلَّ آيَاتِ رَبِّكَ الْبُرُوجِ
«Олардың малдарында қайыр сұраушының және (сұрауға намысы жібермеген) жарлының да ақысы бар», – делінген.

Жалпы құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату – мұстахап. Бір бөлігі – туған-туыс, көршілеріне бай болса да сыйға тартылады, екінші бөлігі – кедей және мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі – өзінің отбасына, бала-шағасына беріледі.

Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шалған құрбан малының етін қалай таратқандығы тұрасында Ибн Аббас (Алла оған разы болсын) былай дейді: «Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шалған құрбандығының үштен бірін – отбасына, үштен бірін – кедей көршілеріне, қалған үштен бірін садақа ретінде тарататын», – деген.

Құрбандық шалушы оның етін түгелдей кедей-мұқтаждарға таратуына да болады. Сондай-ақ түгелдей өзінің отбасына да қалдыра алады.

Көп адамдар: «Құрбан айт күні ауыз бекіту қажет пе?» деп сұрап жатады. Шарият бойынша айт күні ораза ұстауға рұқсат етілмейді. Өйткені хадисте: «Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамдарға ораза және Құрбан айт күндері ораза ұстауға тыйым салатын», – деп айтылған (Имам Бұхари). Тағы бір хадисте:

يَوْمَ تَلَا عَزَّوَجَلَّ آيَاتِ رَبِّكَ الْبُرُوجِ
«Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Ораза айт күні тамақ ішпей шықпайтын еді және Құрбан айт күні намаз оқығанша тамақ ішпейтін еді», – деп айтылған (Имам Тирмизи).

Бұл жерде Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қасиетті Құрбан айттың алғашқы күнінің таңында сол күнгі ең алғашқы дәм ретінде құрбандық малының дәмін тату үшін айт намазға еш нәрсе жемей баратындығы айтылған.

Құрбан шалудың уақыты Құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшам намазына аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Қандай да бір маңызды шариги себепке байланысты құрбан айт намазына бара алмай, айт намазын оқымаған кісі намаз оқып болатындай уақыт өткеннен кейін құрбанын шала беруіне болады. Айт намазынан бұрын шалынған мал құрбандық болып есептелмейді.

Алла Тағала келе жатқан Қасиетті Құрбан айтты мұбақрақ етіп, дұға-тілектеріңізді қабыл етсін!

Ержан АМАНЖАЕВ, қалалық «Әулие ата» мешітінің бас имамы

ҰЛЫҚ МЕРЕКЕДЕ ШАЛЫНАТЫН МАЛДЫҢ ҚҰНЫ ҚАНША?



—Сонымен қатар бір көзі соқыр, сойылатын жерге жете алмайтын дәрежеде көтерем, құлағы немесе құйрығы тумадан жок немесе басым бөлігі кесілген, тістерінің көбі түсіп қалған, емшектерінің басы жұлынғы қалған, бір мүйізі немесе екеуі де түбінен сынған малдар құрбандыққа жарамсыз болып саналады. Әрі Құрбан шалынатын жердің таза болуына көңіл бөлуі тиіс. Малды соятын жерге ұрмай-соқпай апарып, оны құбылаға қаратып, сол жағымен жатқызылады. Құрбан шалатын адам малды қинамай, жұмсақ бауыздауға мән беруі керек. Қой немесе ешкі іспетті ұсақ малды құрбандық ретінде тек бір адам ғана шалады. Ал түйе немесе сиыр секілді ірі қара малдарды бір кісіден

жеті адамға дейін бірігіп немесе бір адам жеке өз атынан да соя алады», – дейді Ержан Маханұлы.

Халыққа, әсіресе үлкен қалаларда тұратын жамағатқа онтайлы болу үшін биыл да құрбан шалу офлайн және онлайн форматта жүзеге асады. Ол үшін qurban2024.kz сайты іске қосылды. Онлайн түрде құрбан шалам деушілер сайт арқылы құрбандық малын таңдап, Kaspi QR арқылы қажетті қаражатты аудару алады. Тапсырысының сәтті өтсе, ұялы телефоныңызға SMS-хабарлама келеді. Құрбандық шалынған соң, оның фото және видеосебі тапсырыс беруші көрсеткен нөмірге жіберіледі. Ал биыл Жамбыл облысы мен Тараз қаласының тұрғындары үшін

Алла жолына арнап 7 адам бірігіп шалуға рұқсат етілген түйе – 800 000 теңге, ірі қара – 500 000 теңге. Сонымен бірге жеке адамға арнап шалынатын уақ малдардың қатарындағы қой – 70 000 теңге, ешкі – 45 000 теңге. Бұл аталған бағаға мұқтаж жандарға құрбандық етін жеткізу үшін барлық қызмет түрлері кіреді. Айталық, қасапшының еңбек ақысы, тоназытқыш көліктерде етті сақтау, пакетке салу, тағы басқа қызмет түрлері қамтылған.

Еске сала кетейік, Құрбан айт намазы ертең, яғни 16 маусым күні, сағат 06:00-де облысымыздағы барлық мешітке оқылады.

Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ

Меншік иесі: «Жамбыл-Тараз» газетінің редакциясы ЖШС. Қабылдау бөлмесі: 45-62-65. Бас редактор – САЯТХАН САТЫЛҒАНОВ

Бас редактордың орынбасары: Мұратхан ӘЛІМХАН. Жауапты хатшы: Құрбанәлі ШАХАБАЙ. Тілші: Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ. Дизайнер: Сәндібек ДОСТАНБЕКОВ. Корректорлар: Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВА, Айдана НҰРМАН. Тілші: 54-66-64. Жарнама менеджері: Жансая БАЗАРБАЕВА. Нөмірдің кезекшісі: Құрбанәлі ШАХАБАЙ.

SMM БӨЛІМІ. Контент-редактор: Гүлдана ЖҰМАДІЛ. Бас видео-монтажер: Азат БАЙТЕМІРОВ. Фото-видео монтажер: Нұрлан БЕКТҰРСЫН. Инженер-программист: Байжан ЖОЛДЫБЕК.

Авторлар пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Мекенжайымыз: Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов, 7 «А». e-mail: jambyltaraz1996@gmail.com. Жалпы тиражы: 10638. Тапсырыс: 983. Газетіміздің келесі саны 20 маусым, бейсенбі күні шығады. Газет қазақ және орыс тілдерінде аралас, аптасына екі рет шығады.

Мерімдік баспасы басылмаған, ақпарат агенттігінің және желілік басылмаған есепке қою, қайта есепке қою туралы №КЗ87ВУ0006046 куәлік 2022 жылы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінен берілген. Жазылу индексі: 65605. Газет «Салық тәртібі» ЖШС-інде басылады. Тараз қ., Төле би, 36 «Б». Газет мекенжайыңызға уақытылы келмесе, мына телефондарға хабарласыңыз: 8 771 088 60 44 8 705 789 70 74